

ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

6-БЕТ | ШАРТАРАП



БАЛА АУЫЛҒА БАРА МА?

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



ҚОҚЫСҚА НЕГЕ ТАСТАЙМЫЗ?

8-БЕТ | МӘСЕЛЕ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Ел қадірін білмеген ер қадірін білмейді. Елсіз ер болмайды, ерсіз ел болмайды.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ

№122
(4866)
Бейсенбі
16 қазан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ





3

ЕЛ ҚОРҒАУ – ЕРДІҢ ІСІ

Астанада күзгі әскерге шақыру науқаны қызу жүріп жатыр. Апта сайын астаналық жас жігіттер Қазақстан Қарулы күштерінің қатарын толықтыруда. Әскерге аттанған кезекті жас жауынгерлер Жамбыл облысындағы әскери бөлімге аттанды.

Республика күніне орай Астанада 150-ге жуық мәдени-бұқаралық, білім беру, спорттық және әлеуметтік іс-шара өткізу жоспарланып отыр.

Мерекелік іс-шаралар аясында концерттер, көрмелер, дөңгелек үстелдер, патриоттық челленджер, шығармашылық байқаулар, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар және басқа да түрлі іс-шаралар өтеді. Мерекеге орай әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға арналған қайырымдылық акциялары да ұйымдастырылады.



LRT: Астанаға тағы екі жылжымалы құрам жеткізілді.


Жеңіл рельсті көлік желісін сынақтан өткізу бойынша жоспарлы іс-шаралар шеңберінде Астанаға тағы екі жылжымалы құрам жеткізілді.

CTS мәліметінше, 17-18 қазан күндері құрамдар эстакадаға орнатылады. Яғни 17 қазан күні бірінші құрам Қабанбай батыр даңғылы «Астана жұлдызы» стелласы маңындағы №104 және №105 станциялар арасындағы аралықта, ал 18 қазан күні екінші құрам Ш.Қалдаяқов көшесі мен Тәуелсіздік даңғылының қиылысында, №113 (Министрліктер үйі) және №114 (Ұлттық музей) станциялар арасындағы аралықта қойылады.



Qazaq Air әуе компаниясы Астанадан Бішкек пен Самарқандқа тікелей екі жаңа халықаралық бағыт ашады.

2025 жылғы 7 қарашадан бастап Астана – Самарқанд – Астана бағыты бойынша (аптасына 2 рет – жұма және жексенбі), ал 10 қарашадан бастап Астана – Бішкек – Астана (аптасына 2 рет – дүйсенбі және бейсенбі) бағыты бойынша тікелей рейстер орындалады.



18 қазан күні «Барыс Арена» спорт сарайында қазақ күресінен дәстүрлі «Қазақстан барысы» республикалық турнирі өтеді.

Байрақты бәсекеге еліміздің 17 облысы мен республикалық маңызы бар 3 қала – Астана, Алматы және Шымкент қалаларының екі спортшыдан, сондай-ақ өткен жылғы «Қазақстан барысы» жеңімпазы мен «Әскер барысы» жарысының екі балуаны қатысады. Жалпы республикалық турнирде 43 балуан бақ сынайтын болады.

Турнирдің жалпы жүлде қоры – 27 000 000 теңге. 1-орын үшін – 15 000 000 теңге. 2-орын үшін – 3 300 000 теңге. 3-орын үшін – 1 080 000 теңге.

18-19 ҚАЗАН

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Онда Павлодар мен Солтүстік Қазақстан облыстарының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері Астанаға өнім әкеледі. Жәрмеңке «Қазанат» ипподромының автотұрағында (Қарқаралы тас жолы, 1 сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін) өтеді.

№122 (4866) 16/10/2025 Бейсенбі

ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМА – ЕЛ БОЛАШАҒЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ҚАДАМ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМА ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ БІРІНШІ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

ҚҰРМЕТТІ ЖИЫНҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!

Бүгін біз Парламенттік реформа бойынша Жұмыс тобының алғашқы отырысына жиналдық. Өздеріңіз білесіздер, өткен аптада арнайы Жұмыс тобын құру туралы Өкімге қол қойдым. Парламенттік реформа – еліміздің алдында тұрған аса маңызды, жауапты жұмыс. Жолдауымда бұл мәселе азаматтық секторда, сарапшылар ортасында, сондай-ақ қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет деп нақты айттым. Бүгін, міне, бірінші отырысымызда Парламенттің, Президент Әкімшілігінің, Үкіметтің және саяси партиялардың өкілдері, заңгерлер, ғалымдар, қоғам қайраткерлері бар. Бәрі де елге танымал азаматтар, түрлі саланың мамандары. Тағы да қайталап айтқым келеді: Парламенттік реформа – еліміздің, халқымыздың тағдырына тікелей қатысы бар мәселе. Жұмыс тобының әр мүшесі осы тарихи міндетті дұрыс түсініп, белсенді жұмыс істейді деп сенемін.



Баршаңызға мәлім, елімізде түрлі бағытта ауқымды өзгерістер жасалуда. Бір ел болып саяси, әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асырып жатырмыз. Осы өзгерістер жалғасын табуы керек. Бір орында тұрып қалуға болмайды. Мемлекетімізді түбегейлі жаңғырту стратегиясын «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасына сай жүргізе беру маңызды. Бұл – елімізде Президенттік билік жүйесінің тиімділігі сақталады деген сөз. Жалпы, бір палаталы Парламентке көшу халықаралық үрдіске толық сай келеді. Әлем елдерінің үштен екісінде осындай парламенттік жүйе қалыптасқан. Дәл қазір бізге керегі – ортақ ұстаным және парасатты, салмақты ұсыныс. Сондықтан барлық ой-пікірді, ұсыныстарды мұқият зерттейміз, егжей-тегжейлі қараймыз.

ҚҰРМЕТТІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ!

Бір палаталы Парламент құру туралы бастама инновациялық саяси шешім болды. Қазір ел ішінде, әлеуметтік желіде түрлі ой-пікірлер айтылуда. Басым көпшілігі мұны «әбден пісіп-жетілген мәселе» деп санайды. Тіпті, «Халықтың көбі қолдаған бастаманы талқылап, референдум өткізудің қажеті жоқ» деген ойлар да айтылып жатыр. «Реформаны созудың қажеті жоқ, таяу арада қысқа мерзім ішінде жасай салуға болады» деген пікірлер де бар. Шын мәнінде, қай жағынан алып қарасақ та, мәселе өте өзекті. Азаматтарымыздың әртүрлі пікір айтып, белсенді болғаны – жақсы үдеріс.

Дегенмен парламенттік реформа – аса күрделі жұмыс. Асығыстыққа жол беруге болмайды. Себебі бұл – еліміздің тағдырын шешетін жағдай. Бұл – мемлекеттің болашағына тікелей ықпал ететін қадам. Мұндай маңызды шешім кең ауқымды талқылау арқылы қабылдануға тиіс. Қазақстан – халық үніне құлақ асатын Әділетті мемлекет. Бұл – мызғымас ұстаным. Мемлекет басшысы ретінде мен үшін Парламент – еліміздегі саяси жүйенің негізгі тірегі. Сондықтан алдымен Конституцияға бірқатар өзгеріс енгізу қажет болады. Негізгі заңның 40-қа жуық бабы өзгереді. Содан соң кем дегенде 10 конституциялық заңға және 50-ден астам кодекс пен заңға түзету енгізу керек болады. Мұны жаңа Конституция қабылдаумен тең келетін іс деуге болады. Әрине, бұл жұмыстың бәрін табан астында, бір сәтте жүзеге асыру мүмкін емес. Тыңғылықты дайындық керек.

Сондықтан алдағы реформаның кейбір концептуалды тұстарына қатысты ой-пікірімді білдіргім келеді. Біріншіден, біз барлық реформаны тек эволюциялық жолмен жүргіземіз. Яғни азаматтардың сұранысы, төл ерекшелігіміз бен еліміздің түпкі мүддесі ескеріледі. Парламенттік реформа кезең-кезеңімен іске асырылып келе жатқан ауқымды саяси жаңғырудың қисынына сай келеді. Естеріңізде болса, саяси реформалардың төрт пакеті аясында парламенттік оппозиция туралы норма бекітілген еді. Онда өкілдері аз партияға Мәжілістің тұрақты комитеттерінің бірінде төрағалық лауазым атқару және парламенттік тыңдау өткізу туралы бастама көтеру құқығына кепілдік берілді. Бұдан бөлек, партиялар Парламентке өтуі үшін сайлаудың төменгі шегі азайтылды. Содан соң 2022 жылы жүргізілген конституциялық реформаның арқасында біз Мәжілістің құзыретін елеулі түрде кеңейттік. Нақты айтқанда, бүгінде Мәжіліс заң қабылдайды, ал Сенат мақұлдайды. Бұл алғашқы қадамдар еді. Енді соңғы жылдары қоғамдағы саяси мәдениеттің едәуір өскенін ескере отырып, біз бірте-бірте және байыпты жолмен бір палаталы Парламентке өтуді бастаймыз.

Екіншіден, парламенттік реформа «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» саяси формуласына толық сай келеді. Жаңа да атап өттім, бұл – мемлекетіміздің құрылымын айқындайтын басты тұжырым. Түптеп келгенде, парламенттік реформа және осыған дейін жүзеге асырылған реформалар біздің аймақта бұрын-соңды болмаған, шын мәнінде, жаңа басқару жүйесінің негізін қалайды. Сондай-ақ тағы бір маңызды мәселеге назар аударғым келеді: Парламентті реформалау, бұл – Сенатты тарату деген сөз емес. Мұндай қате пікірге жол беруге болмайды. Біздің алдымызда тұрған мақсат – айқын. Біз өкілді билік тармағын түбегейлі жаңғыртуымыз керек. Осылайша, азаматтарымыздың мүдделері мен тілек-ниетін білдіретін заң шығарушы орган мүлде жаңа сипатқа ие болады.

Үшіншіден, алдағы реформа экономика, әлеуметтік және технологиялық даму секілді басқа да салалардағы жан-жақты жаңғырулармен үйлесім табады. Мысалы, цифрландыру мен жасанды интеллектіні енгізу күллі әлемдегі мемлекеттік басқару жүйесін өзгертетіні сөзсіз. Бірқатар елде қазірдің өзінде «электрондық немесе цифрлық парламент» элементтері сынақтан өткізіле бастады. Бұл азаматтарды саяси өмірге араластырудың жаңа формаларын қамтамасыз етіп, заң шығару үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында жасалады. Келешекте бұл үрдіс күшейе түспек. Сондықтан біз де осы бағытқа саналы түрде күш саламыз. Алдағы уақытта e-Parlament қазіргі электрондық үкімет – e-Gov сияқты сұранысқа ие құралға айналуы мүмкін. Сол себепті бір палаталы Парламентке өту бір есептен жұмыстың жаңа қалыбы мен қарқынына, тез шешім қабылдауға бейімделуді көздейді. Яғни заман өзгеріп жатыр, ол өз талабын орындатады, e-Parlament жүйесі қыр астында тұр. Жақында өмірімізге дендеп енуі мүмкін. Сондықтан заң қабылдауда мүлде қате жіберуге болмайды. Заң шығару жұмысын жақсартудың жаңа тетіктерін енгізу аталған үдеріспен қатар жүруі қажет. Мұны халықаралық тәжірибе де көрсетіп отыр.

Бұл ретте болашақ депутаттар корпусының білімі мен білігі маңызды факторға айналады. Олардың қатарында нағыз кәсіби мамандар болуы керек. Парламент кәсіби болуға тиіс. Бұл – өте маңызды міндет. Парламентті пропорциялық жүйемен, яғни партиялық тізіммен жасақтау туралы ұсыныс дәл осы міндеттен туындап отыр. Бір палаталы Парламентте партиялардың көп болуы саяси диалогты кәсіби негізде өрбітуге ынталандырады. Жаңа жағдай партия жұмысына тың талаптар қояды. Демек популизм цифрландыру кезеңінде маңызды рөл ойнамайды, керісінше, кәсібиліктің бәсі жоғарылай түседі.

ҚҰРМЕТТІ ЖИЫНҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!

Парламент – Тәуелсіздігімізді және мемлекеттігімізді айшықтайтын маңызды құрылым. Бұл ешқашан өзгермейтін ақиқат, алдағы уақытта да солай болып қала береді. Жалпы, реформаның негізгі мақсаты, соған сәйкес істелуге тиіс жұмыстың бағыт-бағдары туралы Жолдауда кеңінен айтылды. Референдумға дейін атқарылатын жұмыстың бәрін мұқият ойластырып, байыппен жүргізу қажет. Білікті мамандар өз ойларын ашық айтып, тиімді ұсыныстар беруі керек деп санаймын. Түпкілікті шешім, яғни қоғам пікірі дұрыс болуы үшін осы мәселеге қатысты айтылатын әрбір ой-пікір де әбден тексерілген, екшелген, жан-жақты сарапталған болуы керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Сондықтан Жұмыс тобы өз міндетін нағыз кәсіби ұстанымға сай атқаруға тиіс. Атап айтқанда, «E-Otinish» және «E-Gov» порталдары арқылы келіп түскен барлық ой-пікірді сараптап, зерделеу қажет. Біз Әділетті мемлекет ретінде әр азаматтың ортақ іске пайдалы болатын ұсынысын ескеруіміз керек. Ата заңға енгізілетін әрбір өзгеріс мұқият пысықталып, дайындалуға тиіс. Әр баптың, әр нормаңың мән-мағынасына терең бойлаған жөн, яғни құқықтық, процедуралық мәселелерді нақты айқындап алуымыз қажет. Бұдан бөлек, басқа да көптеген мәселе пайда болуы мүмкін. Қысқасы, алдымызда тұрған шаруа – өте ауқымды. Жұмыс тобына үлкен сенім артылып отыр. Істеріңізге сәттілік, табыс тілеймін!

ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ МІНДЕТІ – ҰСЫНЫСТАР ӘЗІРЛЕУ

Мемлекет басшысының қатысуымен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының алғашқы отырысы өтті. Бұл туралы ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин мәлім етті.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Парламентті реформалау Сенатты таратуға емес, еліміздің саяси жүйесін одан әрі жаңғыртуға бағытталғанын еске салды. Мемлекеттік құрылысымыздың «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» басты формуласы өзгеріссіз қалады. Парламенттік реформаны жүзеге асыру үшін Конституцияның шамамен 40 бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет болады. Сондай-ақ шамамен 10 Конституциялық заңға және 50 кодекс пен заңға өзгерістер енгізу талап етіледі. Жұмыс тобының міндеті – Парламенттік реформа бойынша ұсыныстар әзірлеу. Сол ұсыныстардың негізінде Конституцияға енгізілетін түзетулер жобасы дайындалып, кейін республикалық референдумға шығарылады. Мемлекет басшысы атап өткендей, түптеп келгенде, алдағы өзгерістер мен толықтырулардың ауқымы жаңа Конституция қабылдағанмен бірдей» деп жазды Е.Қарин телеграмдағы парақшасында.

ЗАҢНАМАДА НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

Мәжіліс «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» жаңа бірыңғай заң жобасы мен оған ілеспе түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Заң жобаларын Ішкі істер министрлігі Мемлекет басшысының халық арасында заңға бағынатын мінез-құлық қалыптастыру жөніндегі тапсырмасын орындау және құқық бұзушылыққа бейім тұлғалармен мақсатты түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін әзірлеген.

Жаңа заңда құқық бұзушылықтың алдын алумен айналысатын органдардың саны 13-тен 26-ға көбейтілді. Қылмыстың алдын алуға құқық қорғау органдары ғана емес, сонымен қатар білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, балаларды қорғау, БАҚ, бизнес өкілдері, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және басқалары тартылады. Бұл ретте олардың әрқайсысына жеке жауапкершілік жүктеледі.

Қазақстанда тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа, қайталанатын қылмыстарға және балаларды қараусыз қалдыруға қарсы арнайы іс-шаралар енгізіледі. Заң жобасында құқық бұзушылықтың жекелеген түрлерінің алдын алуға бағытталған арнайы профилактикалық іс-шаралар қарастырылған. Олар балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуына қарсы күрес, тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, қоғамдық орындарда мас күйінде жасалған, қайталанатын және экономикалық құқық бұзушылықтарды қамтиды. Бұл кешенді тәсіл құқық бұзушылықтардың нақты санаттарына неғұрлым нақты жауап беруге және олардың себептерін жоюға мүмкіндік береді. Профилактикалық жүйеге қылмыстың ықтимал құрбандарының санын азайтуға бағытталған виктимологиялық шаралар енгізіледі. Бұған қоғамға жат мінез-құлық немесе құқық бұзушылықтар жиі тіркелетін орындарды бақылау, азаматтарды тұлғааралық қақтығыстарды шешуге және өзін-өзі қорғауға үйрету, құрбандарды анықтау және қорғау кіреді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте енгізілген өзгерістер заңсыз контентті орналастырғаны және таратқаны үшін, сондай-ақ құқық бұзушылыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы мемлекеттік бұйрықтарды қасақана орындамағаны үшін жауапкершілік белгіленген. Бұл ретте құқықтық бірізділікті қамтамасыз ету үшін Әлеуметтік кодекске және үш заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

№122 (4866) 16/10/2025 Бейсенбі

МЕНШІККЕ БЕРІЛМЕГЕН 45 НЫСАН БАР



Жуырда Астана қаласы әкімдігінің ғимаратында «Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілмеген проблемалық аяқталмаған бюджеттік инвестициялық жобалар мен объектілерді іске асыруды талдау» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Бұл туралы мәслихат депутаты Кендебай Адамбек әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

Іс-шараға Астана қаласы мәслихатының депутаттары, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыратын бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, сондай-ақ Тексеру комиссиясының өкілдері қатысты. Тексеру комиссиясының төрағасы И.Л.Ақпомбаев сөз сөйлеп ашып, нысандардың ұзақ құрылысына және белгісіз құқықтық мәртебесіне байланысты мәселелерді шешуге жүйелі және кешенді көзқарастың маңыздылығын атап өтті. Ол бюджеттік инвестициялық жобаларды (бұдан әрі – БИЖ) іске асырудағы тиімсіздіктің жалғасуы бюджет шығындарына ғана емес, сонымен қатар халықтың қауіпсіздігі мен өмір сүру сапасына қауіп төндіретінін атап өтті.

Тексеру комиссиясының мүшесі М.Н.Әлжановаңың баяндамасына сәйкес, 2024 жылғы қарашада Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының 2024 жылғы 15 мамырдағы №24-41-9.67-1 тапсырмасын орындау үшін жүргізілген проблемалық БИЖ іске асырылуын талдау бойынша сараптамалық-талдамалық іс-шараның (бұдан әрі-СТШ) қорытындысы шығарылды. Талдау бюджеттік бағдарламалардың төрт әкімшісінің жобаларын қамтыды: Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы; Астана қаласының Энергетика басқармасы; Астана қаласының Коммуналдық шаруашылық басқармасы; Астана қаласының Құрылыс басқармасы. СТШ нәтижелері бойынша 83 аяқталмаған жоба және коммуналдық меншікке берілмеген 45 нысанның болуы анықталды. Осы жобалар бойынша тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының жалпы сомасы 192,9 млрд теңгені құрады.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2025 жылы 20 қазанда сағат 11:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

1. Астана қаласы мәслихатының депутаты К.С.Ибраевтың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.
2. Астана қаласы мәслихатының депутаты Ж.Ж.Кульмагамбетованың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.
3. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.
4. «Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының тұрақты комиссияларының құрамдары туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 30 наурыздағы № 4/1-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
5. «Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 128/16-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
6. «Астана қаласының аудандық аумақтық сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 129/16-VIII шешіміне толықтыру енгізу туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-36.

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ЖИЫНЫ

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында елордадағы кейбір өзекті мәселелер бойынша нормативтік-құқықтық актілердің жобалары қаралды.



Райхан РАХМЕТОВА

Алдымен Астана қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыру тәртібі мен шарттары туралы қағидаларды бекіту туралы сөз болды. Баяндама жасаған Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Алтынбек Ахметов қолданыстағы қағидаларды ауыстыру үшін жаңа қағидалар қабылдауға себеп болған жайттарды ортаға салды. Қарастырылып жатқан қағида жобасы Астана қаласы аумағында жарнаманы орналастыру тәртібі мен шарттарын, жарнама туралы заңнаманы бұзушылықтарды анықтау және жою тәртібін, Астана қаласының аумағында сыртқы ақпаратты бөлшектеу бойынша жұмыс жүргізу тәртібін, жарнама туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын анықтайды.

– Басқармада биыл 9 айда елорданың біртұтас сәулеттік-көркемдік келбетіне қатысты біраз жұмыстар атқарылды. Мониторинг шеңберінде 45 659-дан астам сыртқы жарнама элементтерін тексеру нәтижесінде жергілікті бюджетке 1,5 млрд теңгеден астам қаражат түсті. Ғимараттардың қасбеттеріне сыртқы ақпаратты орналастырудың 421 тұжырымдамасы әзірленді. 1300 ғимараттың бірыңғай сәулеттік-көркемдік келбеті келтіріліп, қолданыстағы заңнама талаптарына сай келмейтін және елорданың сәулеттік келбетін бұзатын, өз бетінше орнатылған 5306 жарнама мен маңдайша элементтері алынып тасталды. Елорданың сәулеті мен келбетінің заң талаптарына сәйкестігі бойынша 17 238 кеңес беріліп, 8797 маңдайша эскизі қаралды, – деді басқарма басшысы.

Кеңестің күн тәртібіндегі келесі тақырып – Астана қаласында жол қозғалысын ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысы Асхат Қарағойшин баяндады.

Кеңесте сондай-ақ Астана қаласының аумағында орналасқан жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының мөлшерлемелерін белгілеу туралы Астана қаласының Мәдениет басқармасы басшысы Жанабай Мейірманқұлов баяндама жасады. Сонымен қатар Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Дәулет Досқұлов ақпарат берді. Кеңес төрағасы Зұлпыхар Ғайыпов пен өзге де қатысушылар баяндамашыларға сұрақтарын қойды.

Кеше Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқықтық тәртіп және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру мәселелері талқыланды.

АҚПАРАТ САЯСАТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қалалық Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов баяндама жасап, мемлекеттік саясатты жүргізудегі қалалық баспа басылымдарының рөлі, қалалық БАҚты қаржылық қолдау, т.б. мәселелер жөнінде баяндады.

Ол «Elorda Aqparat» медиаресурсы, оған қарасты «Астана ақшамы» және «Вечерняя Астана» газеттері мен Elorda.info сайтының жұмысымен таныстырды.

«Астаналық басылымдар аптасына үш рет 30 мыңнан астам тиражбен жарық көреді. Газеттерде «Жұмысшы мамандықтар жылы», «Еңбек адамы», «Таза Қазақстан», «Заң және тәртіп» секілді мемлекеттік бастамаларды ілгерілететін айдарлар бар. Бүгінгі таңда ақпараттық саясат Мәдениет және ақпарат министрлігі бекіткен 12 негізгі тақырып бойынша жүргізіледі. Астана қаласы әкімдігінің ресми сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларда күн сайын 10 шақты ақпарат шығарылады. Елорданың тыныс-тіршілігі жайында, мәдени-бұқаралық және қоғамдық маңызы бар іс-шараларды, сондай-ақ мемлекеттік саясаттың өзекті мәселелерін қамтиды. Қамтуды кеңейту мақсатында материалдар республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында да жарияланады. Ақпараттық саясатты жүйелі түрде жүзеге асыру қоғамда тұрақты құндылықтардың бағдарларын қалыптастыруға, азаматтық жауапкершілікті нығайтуға және мемлекеттік стратегиялық мақсаттарды топтастыруға ықпал етеді» деді Нұрдәулет Әлмұханов.

13 қазан күні «Астана ақшамы» және «Вечерняя Астана» газеттерінің ақпарат айдынына шыққанына 35 жыл толғанын атап өткен баяндамашы аталмыш басылымдардың ел және елорда тыныс-тіршілігінде алатын үлкен орнына тоқталды.

Астана қаласы мәслихатының депутаты Кендебай Адамбек мәслихат пен астаналық басылымдардың байланысын тереңдету, жаңа айдарларды ашу керектігін, Бас редакторлар клубының рөлін күшейту қажеттігін, салалық журналистиканы дамыту керектігін, себебі жорналшылар әртүрлі тақырыпты жазған соң, бір тақырыпқа терең бойламайтынын атап өтті. 2026 жылды Медицина қызметкерлері жылы, 2027 жылды Астана қаласында Журналистер жылы деп жариялауды, Журналистер үйін салуды ұсынды. Кейбір маңызды мәселелер бойынша БАҚ халыққа алдын ала түсіндіру жұмыстарын жүргізу керектігін айтты. Жиында басқа да депутаттар мемлекеттік саясатты жүргізудегі пікірлерін, ұсыныстарын жеткізіп, баяндамашыға сұрақтарды қойды.

ӘСКЕРИ БОРЫШЫН ӨТЕУГЕ АТТАНДЫ

Алда келе жатқан Республика күні мейрамы қарсаңына орай жастарды әскери патриоттық тәрбиелеу және әскери қызметтің оң беделін одан әрі көтеру мақсатында Астана қаласындағы «Жастар» сарайында «Ел қорғау – нағыз ерлер ісі!» атты әскери-патриоттық іс-шара ұйымдастырылып, оның аясында күзгі әскерге шақыру науқаны аясында Қазақстан Қарулы күштері қатарына жас сарбаздарды салтанатты шығарып салу рәсімі өтті.

Шапағат ӘБДІР

Іс-шараға Қорғаныс министрлігінің, Астана қаласы әкімдігінің, Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің өкілдері, қоғам белсенділері, Қарулы күштер ардагерлері, сарбаздар, әскери колледждің ұландары, елордалық мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының әскери кафедра студенттері қатысты.

«Бүгін елордадағы жинақтау пунктінен 50 шақырылушы мерзімді әскери қызмет өткеру үшін Жамбыл облысының Гвардейский кентінде орналасқан 82746 әскери бөліміне жөнелтіледі» деп атап өтті Астана қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің өкілі, запастағы полковник Ғани Артықов.

Ал жас сарбаздарға ақ жол тілеп, Қарулы күштердің ардагері, отставкадағы генерал-майор Марат Нагуманов сөз сөйледі. Ол әскери қызметтің мінез бен ерік-жігер қалыптастырудағы маңыздылығын атап өтіп, әскер әрбір жас жігіт үшін өмірлік мектеп екенін жеткізді.

– Дәл осыдан 57 жыл бұрын мені, дәл сендердей жас жігітті, Целиноградтан әскерге шығарып салды. Сол кезден бастап әскер менің өмірлік ісіме айналды. Бүгін – сендер үшін маңызды күн. Қызмет жолы сендерге батылдық мектебі болып, болашақтарыңа мықты негіз болсын, – деді Марат Нагуманов.

Сондай-ақ акция аясында қонақтар үшін әскери техника, қару-жарақ және әскери киім үлгілерінің көрмесі ұйымдастырылды. Іс-шара соңында Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығының шығармашылық ұжымы дайындаған концерттік бағдарлама ұсынылды.



№122 (4866) 16/10/2025 Бейсенбі

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ



Сұлтан СЕЙІТ

КӘРІЗ СУЫ ҚАЙДА ҚҰЙЫЛАДЫ?

Астанада күн сайын мыңдаған текше метр лас су тазартылып, табиғатқа қайта оралады. Қолдануға болатын судан гөрі сарқын судың жиыны көп. Халық саны артқан сайын үнемдеп қолданбасақ, су тапшылығы Астана халқын тұқыртатын түрі бар.

ШАМАДАН ТЫС ЖҮКТЕМЕ

Жанға жайлы өмір сүру үшін барлық жағдайды жасауға мүмкіндік іздейміз. Соның бірі – үйді-үйге кірген ыстық-суық судың ағыны. Астана қаласының әрбір тұрғын үйіне су жүйесі тартылған. Жүздеген текше метр су сәт сайын кәріз су құбырлары бойымен ағып жатыр. Алайда елді есепсіз сырылдап аққан сарқын судың жағдайы алаңдата қоймайтын сыңайлы. «Судың да сұрауы бар» деген даналық қаперімізден қашыққа кеткен сынды. Алаңдатар болса, тек ай соңында келетін коммуналдық төлем парағында жазылған сандардың көрсеткіші не жоғары, не төмендігі болса керек.

Елордада күн сайын шамамен 250 мың текше метр сарқынды су тазартылады. Бұл – жүздеген мың адамның тұрмыс және өндіріс қалдықтары. Қалада екі ірі су тазарту станциясы бар. Олар 1970-1980 жылдары салынған және қазір шамадан тыс жүктememен жұмыс істеп тұр. Кәріз құбырларына артылған жүктеме бүгінгіден де арта түссе, құбырлардың жарылып, мүлдем жарамсыз болып қалуы бек мүмкін.

Астана халқы соңғы 10 жылда 2 есеге жуық өсті. Демек, бұл дегеніміз кәріз жүйесіне түсетін қысымның да екі еселенгенін білдіреді. Астананың сыртқы аудандарында, әсіресе жеке үйлер көп шоғырланған аймақтарда септиктер саны артып келеді. Бір қарағанда, бұл шешім ыңғайлы көрінуі мүмкін. Бірақ жүздеген үйдің тұрмыс қалдығы топыраққа сіңіп, жерасты суына әсер етеді.

Қазірдің өзінде Астанадағы кәріз тазарту станциялары толық қуатында жұмыс істеп тұр. Дегенмен қаланың өсу қарқынына қарай бұл жүйені кеңейту мен жаңарту қажеттілігі туындап отыр. Қаланың экологиялық қауіпсіздігі тек көгалдандыру мен көлік саясатына емес, жер астындағы құбырлардың жағдайына да тәуелді. Жаңа технологиялар биофильтр, қайта өңдеу станциялары мен энергия өндіретін қондырғылар дамыған елдерде кәріз суын тек қалдық емес, ресурс ретінде қарастыруға мүмкіндік беріп отыр.

САРҚЫНДЫ СУЛАРДЫҢ ТАЗАРУЫ

Көпшілік суды пайланған соң кәріз құбырлары бойымен қолдануға келмейтін орынға ағып кетеді деп ойлайды. Шын мәнісінде, су – табиғатта мәңгілік айналымда жүретін табиғи ресурс. Мүлдем жарамсыз деген күннің өзінде агрегаттық күйіне түрленіп, буға айналады. Демек, кәрізге не тастасақ, соны қайта жұтамыз деген сөз. Су қандай күйінде болсын адамзаттың кәдесіне жарайды. Мамандар осыны негізге ала отырып, су қорын сақтап қалу мақсатында кәріз суларын қайта тазартудан өткізеді.

«Қаладағы тұрмыс-өндіріс сулары қаламызда орналасқан кәріздік суларды тазарту кешеніне келеді. Бұл кешен тәулік бойы үздіксіз жұмыс істейді. Сулар төрт түрлі тазарту кезеңдерінен өтіп, әрі қарай Есіл өзеніне ағады. Бұл суларды көктем және күз айларында суық түскенге дейін қолданады» дейді «Астана су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас инженер-технологы Фирюза Жұманқызы.

Мамандардың айтуынша, сарқынды сулар алдымен механикалық тазарту арқылы ірі қалдықтар мен құм-топырақтан бөлініп алынады. Келесі кезең – биологиялық тазарту. Мұнда бактериялар мен микроорганизмдер органикалық қалдықтарды ыдыратады. Содан кейін физика-химия әдістері қолданылады. Зиянды элементтер реагенттердің көмегімен бейтараптандырылады. Соңғы саты – дезинфекциялау, яғни суды толық зарарсыздандыру. Бұл үшін озон, ультракүлгін сәуле немесе хлор пайдаланылады екен.



ЕСІЛГЕ ЕСКЕРУСІЗ ҚҰЙЫЛҒАН СУ

Бұрын Астананың сарқынды сулары Талдықөл аймағына бағытталып келген. Кейін экологиялық наразылықтар мен көл экожүйесінің бұзылу қаупіне байланысты бұл шешім өзгертілді. Енді тазартылған судың бір бөлігі Есіл өзеніне жіберіледі. Алайда тазалау деңгейі барлық талапқа сай емес. Егер биологиялық немесе химиялық тазалау толық орындалмаса, өзен-көлдегі тіршілік иелеріне қауіп төнеді. Ондағы тіршілікте өзгеріс байқалса, қала тұрғындарына әсері болмай қоймайды.

КӘРІЗ СУЫН ІШУГЕ БОЛА МА?

Әлемдік қолданыста бар бірнеше методиканы өзімізге енгізіп келеміз. Маманның айтқанындай, кәріз суларын жарамсыз күйде қалдырмай, кешенді тазартудан өткізіп, көше тазарту жұмыстарына пайдаланып, көгалдандыруға да жұмсап жүрміз. Тасжолдың тазартылуы мен көше маңындағы ағаштарды суару үшін кешенді тазартудан өткен кәріз суларын пайдаланады. Қытайда кәріз суларын өндіріс, көгалдандыру, жол жуу, көлік жуу, мал азығын суару сияқты бағыттарға қолданады. Ал шыққан лай қалдықтарын тыңайтқыш ретінде өңдеп, қайта пайдаланады.

Ауыз су тапшылығы жайлы жер шарындағы экологтардың бәрі дабыл қағып отыр. Бірнеше ел тұщы судың қорын көбейту шарасын әлдеқашан бастап кеткен. Бізді сарқынды сулардың сарқылатыны аса қатты оландыра қоймаса керек. Сарқынды сулар қалдық күйінде қара жерге, яки өзен-көлдерге түбегейлі құйылуда деуден аулақпыз. Кәрізден аққан су кәдеге асып жатыр. Дегенмен қайта ауыз су ретінде тұтыну мүмкіндігі бізде жоқ. Мәселен, Калифорния штатында ауыз су тапшылығы өте жоғары. Қуаңшылық қара жерді түгел қапқан. Калифорнияда кәріз суларын бірнеше рет тазарту арқылы қайта тұтынуға мүмкіндік алған. Тіпті дәретхана суын сүзгіден өткізіп, тұщы суға айналдырған. Осы арқылы түйткілді мәселенің түйінін шешіп отыр. Ал біз болсақ суды есепсіз қолданып, қорымызды күн сайын кемітіп жатырмыз. Бұлай жалғаса берсе, Калифорния штатындағы қуаңшылық жағдайы біздің басымызға түспесіне кім кепіл?



ҚАЛА КӨШЕЛЕРІНЕН ҚОЛАҢСА ИІС ШЫҒАДЫ

Қаланың кей бөліктерінде кәріз суларының қолаңса иісі кеңсірігіңді жарады. Лажсыздан мұрныңды алақаныңмен тұмшалауға тура келеді. Жаз айларында тіптен қиын. Ыстық күнде жағымсыз иіске айналған ауамен тыныстау қиындық тудырады. Ескірген құбырлардан бөлінген иіс тұрғындардың да зығырданын қайнатқан. Біршама уақыт осы мәселе күнтізбеден түспеді. Кәріз құбырларына жоспарлы түрде жөндеулер өтетіндіктен, тұрғындар әзірге жағымсыз иіске шыдауға мәжбүр. Нақтырақ айтсақ, Амангелді Иманов пен Евгений Брусиловский көшелерінің қиылысында кәріз құдығынан иіс шығады.

«Кәріз суының иісін жұтып жүргенімізге біршама жыл болды. Үй терезесін ашсақ та, аулаға шықсақ та, кәріз суының жағымсыз иісімен тыныстаймыз. Әсіресе жаз айларында өте қиын. Күн сайын тазалық, экология туралы айтамыз, бірақ мына кәріз иісі ең үлкен өзекті мәселе болып тұр. Кәріз жүйесі ертерек жаңартылып, иісті жоятын сүзгілер орнатылса екен» дейді қала тұрғыны Айгүл Сейдахметова.

Бұл тек бір көшенің емес, бірнеше аймақтың мәселесі екені рас.

«Кәріз суларынан шыққан иіс қаланың орналасу аймағына да байланысты. Астана тегіс жерде орналасқан. Мәселен, Алматы қаласының жоғарғы және төменгі бөлігі бар. Кәріз суларының өздігімен ағу мүмкіндігі бар. Біздегі жағдай бөлек. Астана тегіс аймақта тұрғандықтан, қалада үлкенді-кішілі 240-тан астам кәріз суларының сорғы станциялары орналасқан. Сол маңайларда жағымсыз иіс шығуы мүмкін. Бұл қолайсыздықпен күресу үшін бірнеше әдісті қолданып жатырмыз. Қайсысы оң нәтиже берсе, сол жүйені бірден қолданысқа енгіземіз» дейді Фирюза Жұманқызыны.

Осы бастама өз шешімін тапса, қолаңса иістен түбегейлі құтылармыз анық.

СУ ЖҮЙЕСІНЕ ӘРБІРІМІЗ ЖАУАПТЫМЫЗ

Қаланың кәріз жүйесі бүгінде 30-40 пайызға тозған. Кейбір кәріз құбырлары өткен ғасырдың 70-80 жылдарында салынған. Жаңадан бой көтеріп жатқан тұрғын үйлер мен өндіріс орындары бұл жүйеге қосылған сайын ескі станциялар жаңа көлемді көтере алмай отыр. Осыған байланысты биыл тәулігіне 188 мың текше метр сарқын суды тазартатын жаңа жүйе жоспарға сай жұмыс істеуде. Бұл жобаның құны шамамен 500 миллиард теңге шамасын құрады. Егер ол толыққанды іске асса, Астананың су арнасы айтарлықтай жеңілдеп, экологиялық тәуекел азаяды.

Кәріз суларының мәселесі – тек инженерлер мен экологтардың емес, әр тұрғынның өмір сапасына әсер ететін ортақ мәселе. Суды үнемдемеу, тұрмыстық химияны шамадан тыс пайдалану, құрылыс қалдықтарын кәрізге тастау – бәрі жүйенің ерте тозуына әкеледі. Бір қарағанда, бұл көзге көрінбейтін мәселе секілді. Бірақ дәл осы «көрінбейтін жүйенің» іркілуі немесе бұзылуы қаланың ең үлкен апатына айналуы мүмкін. Су жүйесінің уақытылы жұмыс істеуіне әрбіріміз жауаптымыз.

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШҚАН ЖОБА

Астанада тұрғындарға қысқа мерзім ішінде еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптерді меңгеріп, табысын арттыруға мүмкіндік беретін JOLTAP жобасы жалғасуда.

Курстардың ішінде ең көп қызығушылық тудырып отырған бағыттың бірі – «Тұрғын үй интерьерін жобалау негіздері». Осы жоба аясында астаналық Румия Салықова білім алып, шығармашылық мамандықты өз кәсібіне айналдыруға бел буды.

Оқытушы Лаура Досыбаеваның айтуынша, бағдарлама көпжылдық тәжірибе негізінде әзірленіп, қысқа уақытта интерьер дизайны саласында берік база қалыптастыруға көмектеседі.

– Курстың басты мақсаты – кеңістікті жобалаудың логикасын және қағидаттарын үйрету. Біз студенттерге идея қалай туындайтынын, сол сияқты композиция қалай құрылады, түстер мен пропорциялар қалай жұмыс істейді және сызба мен жоспарды сауатты орындау жолдарын көрсетеміз, – дейді ол.

Жобаға қатысушылар арасында мектеп оқушылары, колледж студенттері және жиһаз дизайнері мен текстиль декораторы сияқты салаларда еңбек етіп жүрген мамандар бар. Олардың кейбірі алған білімін флиппинг, яғни тұрғын үйлерді қайта жобалап, сату саласында пайдалануды жоспарлап отыр.

Бағдарлама еуропалық оқыту әдістемесі негізінде құрылған: мұнда баға қою емес, еркін ойлау мен қызығушылыққа басымдық беріледі. Дәрістер еркін форматта өтеді, ал студенттер құрылыс кезеңдерімен, әрлеу материалдарымен, сызу және жобалау қағидаттарымен танысады. Бар болғаны он күннің ішінде әр студент өз жобасын қорғап шығады.

Курс түлегі Румия Салықова бастапқыда тәжірибесінің болмағанын, оқытушылардың күрделі тақырыптарды да түсінікті етіп жеткізуінің нәтижесінде дизайн әлеміне деген қызығушылығы артқанын, бұл курстар әр адамға өзінің жаңа қырын ашуға мүмкіндік беретінін жеткізді.

JOLTAP жобасы бүгінде жай ғана білім беру алаңы емес, астаналықтардың өз әлеуетін танып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын шығармашылық ортаға айналып келеді.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ТІЗГІНДЕГЕН

Көлік тізгіндеу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ал қоғамдық көліктің тізгінін ұстау тіптен қиын. Күніне жүздеген адам мініп, жүздегені түсіп жатады. Жүргізушілер қоғамдық көлік арқылы қаланың тыныс-тіршілігіне дем береді. Қоғамдық көліктегі қызметін абыроймен атқарып жүрген азаматтардың бірі – Қонысбек Жәнібекұлы.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ



Автобус жүргізушілердің қызметі тек рөлде отыру емес. Әрине, олардың әрбірі тәртіп пен сабырдың сынағынан өтеді. Автобус тізгінінде 10 жылға жуық отырған Қонысбек сыннан сүрінбей өтіп, салқынқандылықпен көлік жүргізіп келеді. Таңмен таласа тұрып, күнмен жарыса қаланы шарлайды. Қала көшелерінің жолдары секілді әртүрлі тұрғындар кезігеді. Бірі жайлы, бірінің қиылысы қалтарыста. Жолаушылардың қауіпсіздігі үшін сауысқандай сақтық танытып, жолаушылардың бас амандығының жауапкершілігін мойнына алады.

«Мектеп қабырғасында жүргеннен автобус тізгіндеуді армандадым. Мұғалімдердің «кім боласың» деген сауалына жалықпастан «автобус жүргізушісі боламын» деп қайталап айта беретінмін. Бұл салаға қызығушылығым бір сәтке де бәсеңдеген емес. 20 жасқа жеткенде темір тұлпардың тізгінін ұстадым. Содан бері автобустан алыстап көрген жоқпын. Бір денеге бітісіп, он үшінші мүшеме айналып кеткендей. Осы уақытқа дейін 33, 58, 62, 16, 60, 63, 73 нөмірлі автобустардың тізгінін ұстап, халыққа қызмет еттім» дейді Қонысбек.

Бала күнгі арманын өмір шындығына айналдыра білген Қонысбектің қызметіне деген сүйіспеншілігі ерекше. Жұмыс күнін жүктеме көрмей, жүйткіген жүйрік көлігімен жолаушыларды тасымалдайды. Таңғы 5-те тұрып, тұраққа келеді. Одан соң автобусына жайғасып, қаланы түнгі қараңғылық жапқанша қызметін қалтқысыз жасайды. Қоғамдық көлік болғандықтан, қызығы мен шыжығы қатар жүреді.

Қонысбек Жәнібекұлы «Уақыт бәрінде тығыз. Жолаушылар көбіне ашуға бой алдырғыш. Қазір ауа райы құбылып тұр. Бірде жылы, бірде суық. Жаздан соң автобустардан салқындатқышты өшіруді талап етеді. Бұйрыққа бағынып, сақындатқышты сөндіреміз. Оның орнына жылыту пештерін іске қосамыз. Сол мезетте наразылық естіп жатамыз. Кейде автобус лық толады. Қолайсыздықтар дәл осы кезеңдерде туындайды. Аялдамаға тоқтаған сайын түрлі тұрғындар автобусқа мінеді. Кейбірі тұйық, кейбірі ашық жарқын. Біздің жұмыс осымен қызық. Азаматтарға қарап қоғамның айнасын бағамдап отырамыз» дейді.

Жол – көлік ережелеріне қанығып, тәртіпке бағынып жүрген жүргізушілердің қоғам алдындағы рөлі үлкен. Қонысбек сынды азаматтар қала тіршілігіне дем беріп, сағат тілінің механизмі секілді тәулік бойына тоқсаусыз қимылдап, жолаушыларды үй-жайына, жұмыс орнына тасымалдайды.

СҰЛУЛЫҚ СЫЙЛАҒАН ШЕБЕР

Жұмысшы мамандықтар жылы аясында қоғамның дамуына елеулі үлес қосып жүрген еңбек адамдарын дәріптеу жалғасып келеді. Өйткені елдің өркендеуі – тек ғылым мен техникада емес, адал еңбектің қадірін ұғынған қарапайым мамандардың қолында. Өз ісінің шынайы шебері, еңбегімен елге сұлулық пен сенім сыйлап жүрген сондай жанның бірі – Астана қаласындағы «Назмед» сұлулық салонының топ шаш шебері Тоғжан Базарбекова.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ



«Сұлулық әлеміне ғашық жанмын. Бұл салаға келуімнің басты себебі – әйел қауымына қуаныш пен әдемілік сыйлау, олардың алғысына бөлену. Әрбір жанның көңілінен шығу – үлкен жауапкершілік пен шабыт көзі» деп бастады әңгімесін Тоғжан Пернебекқызы. Шаштараз болып жұмыс істеп келе жатқанына алты жылдан асып барады. Өз ісіне адалдығының арқасында 5000-нан астам қыз-келіншектің ризашылығына бөленген. Үнемі даму мен жетілу жолын таңдаған Тоғжан күнделікті кәсібімен шектелмей, әлемдік деңгейдегі мамандардан тәжірибе алып, жаңа бағыттарды меңгеріп келеді.

«Бұл салада үздік болу үшін тек қол шеберлігі емес, үнемі ізденіс пен шығармашылық керек. Әрбір жаңа техника, әрбір тренд – мен үшін үйренудің жаңа мүмкіндігі. Биыл наурыз айында Өзбекстанда өткен ашық халықаралық чемпионатқа қатысып, жүлдегер атандым. Қазіргі уақытта Сочи қаласында өтетін халықаралық чемпионатқа дайындық үстіндемін. Мұндай жарыстар – өз деңгейімді бағалап, тәжірибемді шыңдауға көмектеседі. Ал ең бастысы – өз елімнің атын шығару» дейді ол.

Біле білген адамға шаштараз мамандығы – нәзіктік пен төзімділікті, ұқыптылық пен сезімталдықты талап ететін ерекше кәсіп. Бұл жұмыстың құндылығы – еңбектің нәтижесін бір сәтте көру. Тоғжанның айтуынша, тұтынушы айнаға қарап, өз бейнесіне күлімдеген сәт – ол үшін ең үлкен марапат. Сондықтан болар, оның қолынан шыққан әрбір шаш үлгісі – сұлулық пен сенімнің үйлесімі.

Әр әйелге кәсіби білім қажет. Өйткені сұлулық – тек сырт келбет емес, адамның ішкі күйін де өзгертетін күш. Қазір қоғамда сұлулық индустриясы дамып, шаштараз, визажист, нейл-мастер сияқты мамандықтарға сұраныс артты. Дегенмен, бұл кәсіп иелерінің еңбегі жеңіл емес. Таңертеңнен кешке дейін әр адамға ерекше көңіл бөлу – үлкен шыдамдылықты талап етеді.

«Мен үшін ең бастысы – өз ісімді жақсы көру. Ал еңбегімнің бағалануы мен адамдардың алғысы – ең үлкен табысым» дейді Тоғжан Пернебекқызы.

Бала – болашақ иесі, ал оның денсаулығы – елдің аманаты. Кішкентайлардың бойына қуат беріп, ақыл-ойының дұрыс қалыптасуына себепкер – ол сапалы әрі пайдалы тағам. Осы орайда, балабақша аспазының еңбегі ерекше.

ТАМАҒЫ ДӘМДІ АСПАЗ



Шапағат ӘБДІР

Солардың бірі – Астана қаласындағы №30 «Қайнар» балабақшасының тәжірибелі аспазы Сағат Бекмағамбетова.

– Мен осы балабақшада 35 жыл бойы еңбек етіп келемін. Осы уақыт аралығында талай баланы кішкентайынан қабылдап, олардың қалай өсіп, ержетіп, тіпті өз баласын ертіп қайта келгеніне де куә болдым. Сондықтан да бұл жерден шыққан адамдар да балалар да маған өте ыстық. Мұндағы баланың әрқайсысы мен үшін өз баламдай. Бір сөзбен айтқанда, балабақша – менің екінші үйім сияқты, – дейді Сағат Нескенқызы.

Ол Ақмола облысының Шалқар ауылында дүниеге келген. Мектепті тәмамдаған соң, 1980 жылы елордаға (ол кезде Целиноград) келіп, құрылыс-техникалық техникумға оқуға түсіпті. Алайда тағдыр оны тағам дайындау ісіне алып келген.

– Аспаздыққа бірден келдім деп айта алмаймын, бірақ бала күнімнен ас үйге, тамақ әзірлеуге ерекше қызығатынмын. Сол қызығушылығым мені осы жолға әкелді. 1990 жылы №30 «Қайнар» балабақшасына жұмысқа орналастым. Сол күннен бері осы ұжыммен біргемін. Жылдар өте балалардың да, әріптестердің де ауысқанын көрдім, бірақ ұжымның бірлігі мен жылуы өзгерген жоқ. Әрі мен де жұмыс ауыстырмай тұрақты түрде істеп келемін, – дейді кейіпкеріміз.

Жастайынан еңбекпен өскен Сағат Нескенқызы бүгінде зейнет жасында болса да, сүйікті ісін тастамаған.

– Жұмысым өзіме ұнайды. Таңертең балабақша есігін ашып, кішкентайлардың мәз-мейрам күлкісін естігенде бір сергіп қаламын. Балаларға таза әрі дәмді ас әзірлеу – үлкен жауапкершілік. Әр тағамның сапасына, мөлшеріне, дәрумендік құрамына дейін мән береміз. Өйткені бала денсаулығының негізі дұрыс тамақтанудан басталады. Осыны түсініп, шын ықыласпен істесең, шаршау да білінбейді, – дейді көп жылғы еңбегіне адал аспаз.

Бүгінде Сағат Нескенқызы жас әріптестеріне үлгі болып, тәжірибесімен бөлісіп келеді. Ол үшін бұл жай жұмыс емес – жүрек қалауымен таңдалған өмірлік мамандық.

АДАЛДЫҚ ПЕН КӘСІБИЛІК – ДАМУ ТЕТІГІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2023 жылғы Ұлттық құрылтайда «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты жаңа қоғамдық этика тұжырымдамасын ұсынған болатын.

Бұл бастама жеке және қоғамдық құндылықтарды, қоғамдық сана мен мінез-құлықты жаңғырту, азаматтардың жауапкершілігін арттыру арқылы әділетті қоғам қалыптастыруға бағытталған.

Аталған тұжырымдаманың маңызды бағыттарының бірі – мемлекеттік аппарат өкілдерінің санасын өзгерту. Яғни, мемлекеттік қызмет тек қызмет көрсету ғана емес, сонымен қатар үлгі көрсету, адал болу, кәсіби және жауапты әрекет ету дегенді білдіреді.

Еліміздің қай саласында еңбек етсе де, әрбір маман бұл бастаманы қолдап, адалдық пен жауапкершілік жолында нақты қадам жасауы тиіс.

Қаржы министрлігінің құрылымындағы қазынашылық саласы – мемлекет қаржысын тиімді басқаруға, бюджеттің орындалуын қамтамасыз етуге жауапты маңызды тетік. Бұл салада қызмет атқаратын мамандардың адалдығы мен кәсібилігі – қаржылық тәртіптің сақталуының, ашықтықтың кепілі.

Қазынашылық мамандарының үздіксіз еңбегінің нәтижесінде бұл сала бірнеше кезеңдік цифрлық жаңғыртудан өтті. Мәселен, 2012 жылдан бастап енгізілген «Қазынашылық клиент» ақпараттық жүйесі – бюджет қаражатына қызмет көрсетудің сапасын едәуір арттырды. Бұл жүйе арқылы мемлекеттік мекемелердің құжат айналымы электрондық форматқа көшіп, қашықтан жұмыс істеуге мүмкіндік туды. Осы жаңашылдықтың арқасында қазынашылық органдарының жұмыс тиімділігі артып, бюджетті орындау сапасы жақсарды.

Бұдан бөлек, аталған ақпараттық жүйе қазынашылық саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған маңызды құралдардың бірі болып табылады.

2012-2022 жылдар аралығында қазынашылық органдарының қызмет аясы кеңейіп, мемлекеттік тапсырыстарды орындауға, жарғылық капиталды арттыруға арналған бюджет қаражатын алған квазимемлекеттік субъектілерге, сондай-ақ құрылыс саласындағы бас және қосалқы мердігерлерге, қаржы операторларына қызмет көрсете бастады. Бұл – қазынашылықтың кәсібилік деңгейінің артқанын, оның жауапкершілік ауқымының кеңейгенін білдіреді.

Соңғы жылдары қазынашылық жүйесі бірқатар заманауи ақпараттық жүйелермен интеграцияланып, қызмет сапасын едәуір арттырды. Атап айтқанда, «Электрондық шот-фактураны қабылдау және өңдеу», «Электронды мемлекеттік сатып алулар», «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры, сондай-ақ «Орталықтандырылған сәйкестендірілген дербес шоттар» ақпараттық жүйелерімен тиімді өзара байланыс орнатылды. Бұл – цифрлық трансформацияның нақты көрінісі.

Қазіргі таңда мамандар қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында «Қазынашылық клиент» ақпараттық жүйесіне биометриялық сәйкестендіру арқылы кіруді енгізу, сондай-ақ клиенттерге қызмет көрсету процесіне жасанды интеллектті қолдану бағытында жұмыстар жүргізіп жатыр.

Жалпы алғанда, осы саладағы кәсіби мамандардың еңбегі мен жауапкершілігінің нәтижесінде Қазақстанның қазынашылық жүйесі халықаралық аренада бәсекеге қабілетті, заманауи үлгі боларлық деңгейге жетті.

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде жаңа Бюджет кодексі күшіне енді. Жаңа кодекске сәйкес, Қазынашылықтың орталық аппараты – «Мемлекеттік қазынашылық» деп, ал оның аумақтық бөлімшелері – «Мемлекеттік қазынашылық органдары» деп дара атауға ие болды. Бұл өзгеріс қазынашылық жүйесінің құрылымын нақтылап, оның мәртебесін күшейтуге бағытталған.

Дәл осы жетістіктердің ішінде Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаменті қызметкерлерінің үлесі ерекше. Елордада орналасқан бұл құрылым, көрсетілетін ұйымдар саны мен құжат айналымы бойынша еліміздегі өзге департаменттерден басым түседі. Қазіргі таңда Астана қалалық Қазынашылық департаменті 74 бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне, 1140 мемлекеттік мекемеге, 366 мердігерлерге қызмет көрсетіп отыр.

Мемлекеттік қызметкердің бойындағы адалдық пен кәсібилік – бұл жай ғана моральдық ұстаным емес, бұл қоғам мен мемлекеттің болашағына әсер ететін басты фактор. Қазынашылық саласында күнделікті қабылданатын әрбір шешім – қаржының заңға сәйкес жұмсалуына, елдің қаржы жүйесінің дамуына тікелей ықпал етеді. Сондықтан, біздің әріптестеріміз үшін адал еңбек ету мен кәсіби шеберлікті үздіксіз дамыту – міндет қана емес, ел алдындағы жауапкершілік.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» саяси тұжырымдамасы – бізге жол көрсететін бағдаршам іспетті. Бұл қағидаттарды өз саламызда жүзеге асыру арқылы біз де әділетті қоғам құру ісіне өз үлесімізді қосып келеміз.

Ерлан БОРАНБАЕВ,
Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаменті басшысының орынбасары

№122 (4866) 16/10/2025 Бейсенбі



ӘЛЕМДІК ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ МА?

13 қазаннан бастап Таяу Шығыстың соғыс қасіреті торлаған аспаны ашылып, жұрт бейбіт күннің ауасымен тыныс алды. Израиль мен ХАМАС арасындағы атыс тоқтап, келісім жасалды. Бір сәтке болса да, оқтың үні өшіп, соғыстан шаршаған жұрт ертеңге сеніммен қарады. АҚШ-тың арағайындығымен ХАМАС 20 тұтқынды босатты. Бұған жауап ретінде Израиль де екі мыңға жуық палестиналықты түрмеден шығарды. АҚШ президенті Дональд Трамп бұл күнді «тарихи таң» деп атап, әлемге бейбітшілік туралы жаңа үміт сыйлағанымен, бүкіл әлемде «бұл уақытша тыныштық емес пе?» деген күдік басым болды.

Дегенмен, Газаның жағдайы мүшкіл. Біріккен Ұлттар ұйымы Даму бағдарламасының деректерінше, Газа секторын қайта қалпына келтіру үшін 70 млрд АҚШ доллары қажет. Әсіресе Газа қаласында ахуал күрделі. Шаһардағы ғимараттардың 92%-ы бүлінген. Қайта қалпына келтіру жұмыстарына ұзақ уақыт қажет. «Өйткені қыруар қаражатты тез арада жинау мүмкін емес» дейді ұйым өкілдері. Бұған дейін АҚШ, Еуропа және араб елдері тиісті қаржыны жинауға көмектесетінін мәлімдеген.

ТРАМПТЫҢ ТАЛПЫНЫСЫ ТАБЫСТЫ БОЛДЫ

Трамптың Газадағы жағдайды реттеуге бағытталған 20 тармақтан тұратын бейбітшілік жоспары Газа үшін жаңа бетбұрыс болуы мүмкін. Бұл құжат аймақты қақтығыстан арылтып, ұзақмерзімді тұрақтылық орнатуды көздейді. Жоспарда соғысты тоқтатудан сырт, тұтқын алмасу, гуманитарлық көмекті ұлғайту, инфрақұрылымды қалпына келтіру және Газада саяси емес, технократиялық басқару жүйесін енгізу секілді маңызды шаралар қамтылған. Сонымен қатар, ХАМАС ұйымының қаруын тапсыруы, демилитаризация процесі мен халықаралық бақылаудағы уақытша әкімшілік құрылуы да ұсынылған. Трамптың бастамасы БҰҰ мен араб елдерінің қатысуымен іске асуы тиіс. Сарапшылардың пікірінше, бұл жоспардың табысы Палестина мен Израильдің өзара сеніміне, сондай-ақ аймақтағы державалардың саяси ерік-жігеріне тікелей байланысты.

14 қазан күні Мысырдың Шарм-эш-Шейх қаласында Газа секторындағы атысты тоқтату және кепілдегі барлық Израиль азаматтарын босату мәселесіне арналған «Бейбітшілік саммиті» өтіп, Газа секторында татуласу туралы келісімге қол қойылды. Америка президенті бұл «соғыстың аяқталуы ғана емес, сонымен бірге террор дәуірінің аяқталуы және сенім мен үміт дәуірінің басы» деп мәлімдеді. Сондай-ақ саммитке қатысушылар қақтығысты реттеу бойынша Трамп ұсынған жоспардың келесі кезеңдерін жүзеге асыруға шақырған еді. Кеше АҚШ президенті Дональд Трамп Газа секторындағы жағдайды реттеу бойынша бейбіт жоспардың екінші кезеңінің басталғанын мәлімдеді. Трамп кепілдегі 20 адамның барлығы қайтарылғанын, алайда мерт болғандардың денелері әлі Газада екенін жеткізді.

УКРАИНАДАҒЫ ЖАҒДАЙ УШЫҒА БЕРЕ МЕ?

Таяу Шығыстағы оқиғалар Иерусалимнен екі мың шақырымда жатқан Киевті де бейжай қалдырған жоқ. Украина президенті Владимир Зеленский әлеуметтік желідегі жазбасында «Бір аймақтағы соғыс тоқтаса, басқа аймақта да үміт бар» деп мәлімдеді. Бірақ Таяу Шығыс пен Украинадағы соғыстың табиғаты да, мүддесі де бөлек. Израильдің АҚШ-пен байланысы оны дипломатиялық тұрғыдан өзара тіл табысуға мүмкіндік берді. Екінші тұрғыдан, АҚШ Израильге қысымды арттырып, бейбіт келісімге келуге мәжбүрледі. Ал Ресейдің жағдайы бұған мүлде ұқсамайды, яғни Қытайдың экономикалық қолдауына арқа сүйеген Кремль халықаралық санкциялардың қысымына төтеп беріп, Солтүстік Кореядан қару-жарақ алып, соғысты жалғастырып жатыр. Трамптың «Украина соғысы мәселесі оңай шешіледі деп ойладым. Ол Израильмен тізе қосып сәтті жүзеге асырған істен әлдеқайда жеңіл болады деп ойлағанмын» деген сөзі осы жайды аңғартса керек.

Трамп Мысырдағы сапарынан қайтып бара жатып, Зеленскиймен 17 қазанда Ақ үйде кездесетінін мәлімдеді. Осыған байланысты сарапшылар Таяу Шығыстағы жағдай реттелсе, Трамп енді басты назарды Украина мәселесіне аударуы мүмкін деп тұспал жасады.

Рейтер агенттігінің хабарлауынша, Зеленский Трамппен Украина әуе қорғанысын күшейту және ұзаққа ұшатын зымырандар алу мәселесін талқыламақ. Бұған дейін Киев АҚШ-тан «Томогавк» зымыранын сұраған. Трамп Ресей атысты тоқтатуға көнбесе, Украинаға осы зымыранды беру мүмкіндігін қарастырамын деген. Мәскеу Вашингтон Киевке «Томогавк» зымыранын берсе, соғыс ушығып, АҚШ пен Ресей қарым-қатынасы қиындайтынын айтып келеді. Ресей билігінің кейбір өкілдері Украина «Томогавк» зымыранымен шабуылдаса, Ресей ядролық қарумен қарымта қайтаруы мүмкін екенін меңзеген. Өйткені «Томогавк» зымыраны ядролық бомбамен де жабдықталуы мүмкін дейді олар.

15 қазан күні Трамп Украина-Ресей соғысы жайлы тағы пікір білдірді. Ол: «Путин бұл соғыста бір аптада жеңуі тиіс еді. Бірақ міне, соғыс 4 жылға кетті. Украина қайсарлықпен соғысуда. Путин бұл соғыста 1,5 млн әскерін жоғалтты. Өлгендер мен жараланғандарды қосқанда. Бұл екінші жаһан соғысынан кейінгі ең қанқұйлы соғыстың бірі болды» деді.

Жақында The Washington Post газеті Қытайдың Ресейге әскери қолдау көрсетуді айтарлықтай арттырғанын жазды. Әсіресе дрондарға қажетті бөлшектер мен оптикалық-талшықты кабельдер жеткізілімі күрт көбейген. Шілде-тамыз айларында Қытайдан Ресейге экспортталған оптикалық талшық көлемі 10 есеге жуық артқан. Бұл – соғыс басталғалы тіркелген ең жоғары көрсеткіш. Тек тамыз айында Қытай Ресейге 528 мың шақырым оптикалық талшық жеткізген. Бұл маусымдағы көрсеткіштен үш есеге көп. Сол аралықта Украинаға бар болғаны 116 шақырым өнім ғана жөнелтілген. Ал литий-ионды батареялардың экспорты маусым айында рекордтық деңгейге жетіп, 54 млн долларға дейін өскен, Украинаға небәрі 12 млн доллардың өнімі сатылған. Мұндай айырмашылықтар – тек сауда статистикасы ғана емес, геосаяси бағдардың айғағы.

ҚЫТАЙ МЕН АҚШ ҚАЙТА МҮЙІЗДЕСТІ

10 қазан күні АҚШ президенті Дональд Трамп Қытайдан келетін барлық импорт тауарларға салынған қосымша 100 пайыздық тариф 1 қарашадан бастап өз күшіне енетінін ескертті. Оның айтуынша, бұған Қытайдың сауда саласындағы «өте агрессивті ұстанымы» түрткі болған.

Жақында Қытай Сауда министрлігі әлемдік нарықтағы сирек кездесетін материалдар айналымына бақылауды күшейтетін экспорттық ережелер енгізетінін хабарлады. Жаңа тәртіпке сәйкес, 1 желтоқсаннан бастап құрамында қытайлық сирек элементтердің кем дегенде 0,1%-ы бар кез келген өнім ҚХР билігінің рұқсатынсыз қайта экспортталмайды. Демек, әлем бойынша сирек саналатын 18 элементтің 12-сінің экспорты енді толығымен Қытайдың сауда министрлігінің бақылауында болмақ. Бұл шара Трамп пен Си Цзиньпиннің Оңтүстік Кореядағы кездесуі аясында қабылданған. Аталған жаңалық нарықта бірден үлкен қозғалыс туғызды: China Northern Rare Earth Group, China Rare Earth Resources & Technology және Shenghe Resources компанияларының акциялары бір күн ішінде 9-10 пайызға дейін қымбаттады. Ал Оңтүстік Корея мен Тайваньның технологиялық алыптары – Samsung, SK Hynix және TSMC – жаңа ереженің ықпалын зерттеуге кірісіп, Сеул Қытаймен ықтимал зиянды азайту бағытында келіссөздер бастауға әзір екенін мәлімдеді. Қытайдың Трамптың қаһарына ілінуіне осы жағдай себеп болды.

Бұл жағдайдың салдары бір ғана экономикалық шеңберде шектеліп қалмай, жаһандық геосаяси тепе-теңдікке де әсер етуі әбден мүмкін. Трамптың Қытайдан келетін барлық импортқа тариф енгізуі – АҚШ-тың сауда соғысын қайта өршітуге дайын екенін көрсетеді. Ал Қытайдың сирек кездесетін элементтер экспортына бақылау орнатуы – Вашингтонға тікелей жауап іспетті. Бұл элементтер жоғары технологиялық өнімдер, әсіресе әскери және энергетикалық секторлар үшін стратегиялық маңызы бар шикізат саналады. АҚШ – қытайлық сирек элементтердің басты тұтынушысы, әрі бұл элементтер АҚШ-тың қорғаныс өнеркәсібі үшін стратегиялық маңызға ие. Демек, олардың шектеулі экспорты АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея және Еуропаның чип өндірісі мен әскери техникасына соққы беруі мүмкін.

Бұл шиеленіс Украинадағы соғыспен де тығыз байланысты. Соңғы уақытта Қытайдың Ресейге дрон бөлшектері мен қосалқы оптикалық құрал-жабдықтар жеткізуді көбейткені туралы мәліметтер жарияланды. Яғни, Пекин Батыстың санкцияларына ашық қарсы шығып, Мәскеуге жанама қолдау көрсетіп отыр. Мұндай жағдайда Трамптың Қытайға бағытталған тарифтік қысымы тек сауда саласын емес, Украинадағы соғыстың геоэкономикалық теңдігін де қозғайды.

Егер Қытай жауап ретінде сирек металдар экспортына нақты тыйым салса, бұл Украинаға қару-жарақ жеткізуге қиындық туғызуы мүмкін, себебі Батыс елдерінің зымыран, дрон және бронетехника өндірісі дәл осы материалдарға тәуелді. Ал Ресей болса, Қытайдан баламалы жеткізілімдер алып, санкциялық қысымның салдарын жұмсарта алады.


Нәтижесінде, Трамп пен Си Цзиньпин арасындағы экономикалық тартыс Украина майданындағы күш тепе-теңдігіне де ықпал етуі ықтимал. Батыс технологиясына тәуелді елдер әскери өндіріс қарқынын бәсеңдетуі мүмкін. Ал Қытай мен Ресей одақтастығы нығая түссе, бұл жаңа «экономикалық майданның» басталуына жол ашпақ.

Бетті дайындаған **Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚАЙ ЕЛДЕ ҚЫМБАТ?

Әлем бойынша Американың медицинасы ең қымбат. Жалпы тәжірибелі дәрігерден кеңес алу құны орташа есеппен – 190 доллар. Ауруханада жатып, ем алу одан екі есе қымбат.



АҚШ-қа көршілес Канадада оның құны – 115 доллар. Ал Швейцарияда басы ауырып, балтыры сыздағандар 20 минут дәрігердің кеңесін алу үшін 103 доллар төлейді. Бұл – теңгемен 55 мың. Егер белгіленген уақыттан асып кетсе, әр 5 минутқа үстеме ақы алынады. Бұл баға еуропа елдерінде 5 мың теңгеге арзанырақ. Мәселен, Норвегия мен Германияда дәрігердің кеңесі 75 еуро тұрады. Австралия медицинасы да осы мөлшерде. Ал Азия елдерінің ішінде Сингапурда емделу қымбатқа түседі. Мәселен, көз дәрігеріне жазылу құны 57 АҚШ долларынан басталады. Бұлармен салыстырғанда Қытай мен Қазақстанда баға әлдеқайда арзан.

ДОЛЛАРСЫЗ САУДА

Үндістан долларсыз саудаға көше бастады. Осы уақытта Үндістан ресейлік мұнайды юаньмен сатып алып жатыр. «Батыстың Мәскеуге салған санкцияларынан құтылудың бірден-бір амалы осы» дейді сарапшылар.



«Рейтер» агенттігінің дерегі бойынша АҚШ валютасынан бас тартқан екі жақ әуелі рупиймен есеп айырысқан. Алайда бұл Мәскеу үшін операциялық қиындық туғызды. Ал юань – рубльге айырбастауға болатын санаулы халықаралық валюта. Жалпы биыл екінші тоқсанда ресейлік мұнайдың 31,4 пайызы Үндістанға жөнелтілген.

ЖАҒДАЙ УШЫҒЫП ТҰР

Ауғанстан мен Пәкістан шекарасында жағдай шиеленісіп тұр. Бұған дейін «Талибан» жасақтары мен Пәкістан күштері арасында қарулы қақтығыс болып, ондаған адам қаза тапты.



Тәліптер 58 сарбаздың көзін жойғанын, ал Пәкістан 19 ауған шекара бекетін басып алғанын мәлімдеді. Алайда Пәкістан әскері адам шығыны әлдеқайда аз екенін айтып, 23 әскеридің қаза тапқанын растады.

Ұрыс кезінде тікұшақтар мен зеңбіректер қолданылды. Қос тарап бір-бірін шекараны бұзды деп айыптап отыр. Катар, Сауд Арабиясы және Иран тараптарды бейбіт келіссөз жүргізуге шақырды.

Біз көбіне «Ауыл – біздің түп-тамырымыз», «Ауыл көркеймей, ел көркеймейді» деген сыңайдағы жаңашыр сөздерді айтқанда алдымызға жан салмаймыз. Мұндай сөздер ел ішінде, әсіресе қалада жүрген ағайынның аузынан жиі естіледі. Әлеуметтік желілерде ауылдың фотосын жүктеп, астына сағынышқа толы жазбалар қалдырамыз. Бірақ сол ауылға барып тұруға құлқымыз жоқ.



Фото интернеттен алынды

БАЛА АУЫЛҒА БАРА МА?

Шапағат ӘБДІР

Қаланың қарбалас тіршілігіне етене сіңісіп кеткен соң ба, әлде ауылдағы қарапайым тұрмысқа көндіге алмайтын болдық па, әйтеуір, көбіміз ауылды тек алыстан ғана аңсайтын сияқтымыз. Бәріміз емес, әрине. Бірақ шындық сол, ауылды шын сүйетіндер азайып барады. Кейбіреулер үшін ауыл тек естелік іспетті. Дегенмен ел ішінде ауылдан алшақтамай, кіндігі байланған жерді айналып, жаз шыға жайлауға шығып, 10-15 күн табиғат аясында, туған жер төсінде аунап-қунап, киіз үй тігіп, қымыз ашытып, балаларына ат жалын тартып мінуді үйретіп жүргендерді көргенде, қазақы болмыстың шырағы әлі өшпегеніне іштей қуанып қаласың. Тіпті сол адамдар қалада тұрса да, олардың табиғатынан, мінез-құлқынан үлкенге құрметі, сөзге тоқтауы, бармен бөлісе білетін жомарттығы көрініп, аңқаулығы мен аңқылдақтығы мен-мұндалап тұрады. Бәлкім, біз аңсайтын шынайы ауыл географиялық мекен емес, керісінше, ол осындай адам бойындағы қасиет болар?

САҒЫНЫШ ПЕН ШАБЫТ МЕКЕНІ

– Жыл сайын еңбек демалысымда алдымен Алакөлге барып, тұнық суына түсіп, бой сергітіп аламын. Ал содан кейін бала күннен жүрек төрінен орын алған, кіндік қаным тамған қасиетті мекен – Шалкөде жайлауына ат басын бұрамын. Аспантаудың құшағындағы осы өңір мен үшін жай ғана туған жер емес, рухани тазару мен шабыт сыйлайтын мекенге айналған. Жайлауға барып, киіз үй тігіп, өзен жағасында атқа мініп сейіл құрып, саумал ішіп тынығып, бір жағынан табиғатпен етене араласып, екінші жағынан өз-өзіңмен сырласуға, ішкі дүниеңмен үндесуге мүмкіндік аласың.

Тәй-тәй басып, тайға мініп, желмен жарысқан балалық шағымның ізі қалған қырқа-белдерге көз салып, әкемізге ілесіп асқар тауға аңсарымыз ауған сол күндер еріксіз еске түседі. Кейде бұл сағыныш шығармашылығыма да арқау болып жатады. Мысалы, «Ескі жұрт» атты өлеңім сол естеліктердің ескегінен туған:

Балғын кезім қол бұлғап алыс қырдан,
Құлаққа естіледі таныс бір ән.
Жаз жайлау қырқа белдің қапталында,
Тайымды мен де желмен жарыстырғам.

Бұл – тек менің ғана емес, менімен замандас аға-әпкелердің де ішкі сағынышы. Кезінде бірге өскен ауылдың, қойлы жұрттың, жусанды даланың жұпар иісі әрқайсымыздың жүрегімізде сақталып қалған. Өткен өмірдің әр сәті – бүгінгі рухымыздың бір бөлшегі.

Туған жерге барып, балалықтың бал дәмі қалған жерлерді аралау мен үшін бір жағынан сағыныштың салмағын жеңілдетсе, екінші жағынан ерекше шабыт сыйлайды. Көбіне өмірден өткен әке-шешем, бауырларым, әпкелерім көз алдыма елестеп, сол баяғы сәбилік шағымда алақанына салып әлдилегендей әсер аламын. Мұндай күйді сөзбен жеткізу қиын, оны тек сезінуге болады. Сондай-ақ ұрпағым туған жерден алшақтамай, тамырынан ажырамай өссе екен деген бір тілек бар көкірегімде. Сондықтан балаларыма ауылды, жайлауды көрсетіп, сол жердің тасын да, өзенін де, адамын да құрметтеуді үйретуге тырысамын. «Бармасаң – жат боласың» дейді қазақ. Жас күнінде көрген жерге ер жеткенде көзқарасы да, түйгені де өзгеше болады. Осыны ескере отырып, жыл сайын балаларымды өзіммен бірге жайлауға алып барамын, – дейді «Шалқар» радиосының аға редакторы, журналист, ақын Бақыт Жағыпарұлы.

Сондай-ақ ол кісі ауылға тек барып-қайтуды мақсат тұтпайтынын айтады. Кәдімгі көшпенділік дәстүрмен арнайы үй тігіп, бала-шағасына сол өмірді жақыннан көрсететін ағамыздың әңгімесі, шынымен, жан сүйінтеді.

«Біздің арнайы киіз үйіміз, мінетін атымыз, жылда баратын қонысымыз – бәрі дайын. Шалкөде жайлауында, Кеңбұлақ ауылының тұсында, өзен бойында жайғасамыз. Жан-жағымыз – туған-туыс, аға-жеңгелер, әпке-жезделер. Қымыз ішіп, өзенге түсіп, атқа мініп, сай-саланы аралап, тың күш жинап, ерекше күймен Алматыға қайтамыз. Бұл сапар мен үшін де, балаларым үшін де жыл сайынғы қуаныш пен рухани байлықтың көзіне айналды» деді кейіпкеріміз.

ҚОҒАМ ДА, АДАМ ДА ӨЗГЕРГЕН

Қоғамда әртүрлі пікір мен көзқарастағы адамдар бар. Сондықтан ауылға деген қарым-қатынастың әрқилы болуы – заңдылық әрі табиғи құбылыс. Бірі ауылды мәңгілік мекен деп санаса, енді бірі ондағы жағдайға байланысты ауылға барудан әріге барғысы келмейтіні де сондықтан.

Кейде ауылға барып, онда тұру үшін сол жерде тиісті жағдайдың жасалуы да маңызды. Қазіргі кезде ауылдардың көпшілігінде инфрақұрылымның жоғы, жолдардың қиыншылығы, медициналық және әлеуметтік қызметтердің жеткіліксіздігі – үлкен кедергі. Су, жарық, интернет секілді ең қарапайым қажеттіліктердің болмауы, шынында, ауылға баруға құлқымыздың жоғына

> Ұлттық экономика министрлігінің мәлиметінше, соңғы 5 жылда ауылдар саны 6341-ден 6208-ге дейін азайған. Мұның бір себебі – қалаға жақын ауылдардың қалаға қосылып кетуі, екіншіден, ауылда адам санының азаюы. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2025 жылғы 1 қаңтарда Қазақстанда 6179 ауылдық елді мекен болған, ал 1 шілдеде содан 6124-і қалған (оның ішінде 2159-ы – ауылдық округтер). Демек, 8 айда 55 ауыл жойылған

себеп. Сондықтан кей адамдар бірер күнге барып, туған жердің ауасын жұтып қайтуды ғана ойластырады. Әрине, егер ауылда білім беру, денсаулық сақтау, мәдени және әлеуметтік қызметтер қолжетімді болса, жастар мен отбасылар ауылды таңдар еді.

Жалпы ауылға деген махаббат сағыныш пен құлшыныстан ғана тұрмайды, ол өмірдегі жағдайлармен тығыз байланысты.

АТАСЫ КҮТІП ОТЫР МА?

– Иә, бәріміз ауылда туып-өстік. Балалықтың ең тәтті сәттері, киялға толы күндер қара шаңырақта, ауылда өтті. Бірақ қазір мен үшін ауыл – тек бір күндік сапарға айналған мекен. Артқа қарайлай беріп өткенді аңсағанмен, ұзаққа аялдауға жүрек дауаламайды. Біріншіден, ата-анамның қара шаңырағы – біз үшін киелі саналатын құтты орын сатылып кеткен. Ол үйдің әр бұрышы, әр қабырғасы естелікке толы еді. Әкемнің шеге қаққан орны, анамның от жағып ас әзірлеген ошағы – бәрі-бәрі көз алдымда. Қазір ол үй – жаттың қолында. Есік алдында отырсам да, өзімді қонақтай сезінемін. Оның үстіне ауылдың қазіргі тіршілігі бұрынғыдай емес. Қонақ күтуге асыққан, қолындағысын бөліп беретін кеңпейіл ауыл иісі бірте-бірте алыстап кеткендей. Туыстар бар, әрине. Бірақ олардың да ниеті бұрынғыдай жылы емес. Көбі енжар, салқын. «Қашан келдің, қайдан келдің?» деп ықыласпен қарсы алатын адамдар да сиреген. Үйге кіргенде бұрынғыдай самаурын қайнап тұрмайды, есік алдынан бау-бақшаның иісі аңқымайды. Бәрі өзгерген. Адам да, заман да. Бәлкім, бәрі менің ішкі жан дүниемдегі өзгерістен болар. Бәлкім, біз алыста жүріп, ауылды тым идеалдандырып алған шығармыз. Бірақ шындық біреу – ауыл бұрынғы ауыл емес. Қарапайым тіршілік, адал ниет, таза пейіл саусақпен санарлық қана. Сол үшін де армандап, аңсап келген ауыл кейде көңіліңді суытып жібереді. Бірақ қанша алыстасақ та, ауыл – біздің түп-тамырымыз, – дейді қала тұрғыны Ләззат Баққараева.

Расында, ауылдан тамыр үзу – қазақылықтан алыстау деген сөз. Өйткені қазақтың болмысы, дәстүрі мен рухани байлығының түп-тамыры ауылда жатыр. Ауыл – ұлттың іргетасы, ұлттық тәрбиенің мектебі. Сол себепті тиісті министрліктер, Үкімет және оқу орындары жастардың ауылмен байланысын нығайтуға ерекше көңіл бөлуі керек. Өйткені қазіргі жастардың ауыл тіршілігінен бейхабар екені шындық. Кезінде ауылға барса, күтіп отыратын ата-әжесі болатын. Ал бүгінде олардың көбі өмірден өтіп, ауылда қарсы алатын жылы құшағы жоқ. Соның салдарынан қала баласы ауылға барудан алыстай береді. Сондықтан оқу орындары мен қоғамдық ұйымдар арнайы экскурсиялар мен танымдық сапарлар ұйымдастырып, балаларды ауылға апарып, ондағы тұрмыс-тіршілікпен таныстыру қажет. Олар майдың қалай жасалатынын, құрттың неден алынатынын, сүттен қандай тағамдар дайындалатынын өз көзімен көріп, қолымен ұстап үйренсе, біріншіден, өз ұлтының мәдениеті мен дәстүріне деген қызығушылығы артады. Көшпенді өмірдің мәнін түсініп, табиғатпен етене өмір сүрудің қадірін сезінеді. Екіншіден, ауылға бағытталған мұндай іс-шаралар – экотуризмді дамытудың тиімді жолы. Табиғи таза орта, ұлттық тағамдар мен қолөнер бұйымдары арқылы ауыл өмірін насихаттау ел экономикасына да, рухани дамуға да үлес қосады.

ЖАҢАРТУДЫ ҚАЖЕТ ЕТІП ТҰР

> Қанша ғұмыр кешсем де, іргемізде тұрған Қорғалжын қорығын көрудің сәті түспепті. Жазушы, қонаевтанушы Ораз Кауғабай мырза бірде маған: «Қорықта елімізді ұзақ жыл басқарған кемеңгер Дінмұхамед Қонаевқа арналған саяжай бар деп еститінмін, соны көрсем деген ойым бар еді» деді. Екі ой қабысып, қорық пен саяжайды көруге барамыз деп шештік.

Орайы келген тамыз айының бір күнінде Орекең, мен, немерем Әлихан және көлік иесі Ержан баламыз – төртеуміз жолға шықтық. Аудан орталығы – Қорғалжын елді мекені 130 шақырымдай екен, жол екіжолақты, жаман емес. Ауылда қорыққа арналған музей де бар, соны араладық. Музей қызметкері бірінші қабаттағы қоқиқаз туралы біраз мәлімет айтты. Екінші қабатында сол өңірдегі көлдер, т. б. туралы айтып, картадан көрсетіп жатты. Содан жолға шығатын болдық. Экскурсия құны – 26 мың теңгедей, бізді таныстыруға қорық қызметкері Степанды ертіп жіберді. Жолының біраз жері онша жайлы емес, тегістеуді қажет етіп тұр. Қазақтың Сарыарқасы – кең жазық дала, қаладан барғандарға жақсы көңіл күй сыйлайды, жолда әр жерде орналасқан ауылдар, көлдер, бейіттерді жол көрсетушіміз таныстырып отырды. Ол да тарихтың бір парағы. Ең үлкен Есей көлінен аққулар мен бірқазандарды көрдік. Фламинго біз аралаған жерлерде болмады. Степанның айтуынша, бұл құстарды көру әр уақытта бола бермейді. Бірде Мәскеудің орталығынан бір әйел өз көлігімен келіп, сол құстарды көріп риза болып қайтыпты, ал таяуда Батыс Еуропаның бір елінен келгендер көре алмай кері қайтты. Біз де көре алмасақ та, сайын даланы, жарқыраған көлдерді көріп бір марқайып қалдық. Бірақ маған мынадай бір ой келді: республикалық дәрежедегі қорық неге жадау-жүдеу боп тұр? Шамасы музей кеңес дәуірінде салынып, жабдықталған. Бәрі ескірген, көрмеге қойылғандардың бояуы кете бастаған, айтарлықтай көз тартпайды. Саяхатшыға




бинокольдер қажет, қолда бары дұрыс көрсетпейді. Қысқасын айтқанда, қорыққа қатыстының бәрін жаңарту қажет...

Таяуда «Астана ақшамы» газетінен Айзат Серікбектің «Көшпелі өмір салты неге туризм нысанына айналмай тұр?» деген мақаласын оқып, Қорғалжын қорығының өңірінде көшпелі туризм саласын неге өрістетпеске деген ой келді. Меніңше, жер аумағы, жер бедері сұранып-ақ тұр. Көшпелі туризм – бұл қазақ халқының дәстүрлі көшпелі өмір салтын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін бетпе-бет сезінуге мүмкіндік беретін этномәдени бағыттағы туризм түрі. Айтылған ұсыныстарға Экология министрлігі, әкімдіктер көңіл аударса, келімді-кетімді жандар қорықтан құстарды көріп қана қоймай, халқымыздың көшпелі өмір салтын тамашалап қайтар еді. Қанша айтқанмен, бізде туризмге көңіл бөлу өз дәрежесінде болмай тұрған сияқты. Туризмі дамыған елдер өз экономикасына қаншама үлес қосып жатыр. Біздің де елімізде келешекте сондай болады деп үміттенемін.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,
ардагер-ұстаз,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

№122 (4866) 16/10/2025 Бейсенбі

ЖЕМІС-ЖИДЕКТЕРДІҢ 45% ҚОҚЫСҚА ТАСТАЙМЫЗ



Қазір әлемде 2,5 млрд адам азық-түлік жетіспеушілігінен зардап шегіп, ішер асқа зар болып отыр. БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау бойынша бағдарламасынан алынған дерекке жүгінсек, күн сайын жұмыр жерде 1 млрд-тан астам порция азық-түлік қоқысқа жіберіледі. Ғалымдардың зерттеуінше, планетамыздың әрбір тұрғынына шамамен 132 келі азық-түлік қалдықтарынан келеді екен. Бұл – барлық азық-түліктің бестен бір бөлігі. Осындай қалдықтардың ең көп бөлігі адамның үй-жайынан шығарылады.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Ал біз болсақ күн сайын еттің 20 пайызын, тұқымның 30 пайызын, жеміс-жидектердің 45 пайызын қоқысқа тастаймыз. Осының ішінен жеміс-жидектерге қатысты мәселеге ғана тоқталайық. Мәселен, Астананың күл-қоқысының 50 пайызға жуығын азық-түлік қалдықтары құрайды. Бұл жердегі ең бірінші мәселе – тұрмыс қалдықтарының сұрыпталуы, қайта өңделуі және жойылуы. Норвегия секілді өркениетті мемлекеттерде мұндай қалдықтардың 98 пайызын қайта өңдеп, органикалық тыңайтқыш етіп шығарады. Ал біз болсақ қатты және жұмсақ қалдықтарды бөлмейміз. Соның ішінде тамақтың қалдықтарын бір бөлек жинау деген мәселе бар. Оған ешкім басын қатырмайды.

Бір ғана мысал. Астана қаласының әкімдігі жыл сайын заңсыз күл-қоқыс төгілген жерлерді жоюға 800 млн теңге жұмсайды екен. Күл-қоқысты ақша төлеп полигонға апармай, далаға шаша салатындарға жазаны қатайту керек. Астананың тағы бір тиімсіз тәжірибесі бар, ол – күл-қоқыстарды жерге көму. Өркениетті елдерде мұндай тәжірибе атымен жоқ. Ал кейінірек, сол күл төгілген жерлерге үй, нысан салатын кезде жерін тағы қазып, күл-қоқысты қайда жіберерімізді білмей әлектенеміз.

Өзіміз күнде көріп жүргендей, жеміс-жидектердің сапасы жақсы болса да, көп ұзамай қоқыс шелегіне тастаймыз. Осылайша, бірнеше тонна қоқыс жиналады. БҰҰ мамандарының айтуынша, осындай тамақ қалдықтарының жалпы көлемі күн сайын әлемдегі 1 млрд адамды азық-түлікпен қамтамасыз етуге жетер еді. Өйткені 783 млн адам қазір созылмалы аштықтан зардап шегіп отыр. Жеміс-жидектердің 14 пайызы бөлшек саудаға шығарылғанға дейін – өнімді жинау, сақтау, көлікпен жеткізу және қайта өңдеу кезеңінде жойылады. Соның нәтижесінде адамзат жыл сайын өзі өндіретін азық-түліктің төрттен үш бөлігін жоғалтады.

Неге біз азық-түлікті қоқысқа лақтырамыз? Мұның себебі көп. Біріншіден, фермадан қоймаға жеткізілгенге дейін жеміс-жидектер ауа райының қолайсыздығынан, өсімдіктердің ауруынан, тоңазытатын жабдықтардың болмауынан және көлік мәселесінің шешілмеуінен бүлініп, жарамсыз болады. Мысалы, осыдан 3 жыл бұрын Лувр тұрғындары сүйегі бар жемістердің 90 пайызын қоқысқа тастады. Оған себеп – ауа райының қолайсыздығы, үсік шалуы. Айтпақшы, өзге ел емес, «багеттің отаны» саналатын Франция 2022 жылы 9,4 млн тонна азық-түлік қалдықтарын жинап, рекорд жасады. Мынадай қызықты статистика бар: бір француз жылына шамамен 25 келі тамақ қалдығын қоқысқа тастайды, соның ішінде 7 келісі қораптағы тамақ екен. Багет наны мәдени символ болып есептелетін елде осы нан жеміс-жидектермен бірге күл-қоқысқа тастайтын өнімдердің қатарында тұрғаны өкініштен-ақ. Өйткені әр адам жаңа піскен нанды күнде сатып алып, екінші күні қоқысқа тастайды. Осындай келеңсіздіктің алдын алу үшін 2025 жылы 9 қыркүйекте Еуропарламент тамақ қалдықтарына қатысты директиваға өзгеріс енгізді. Құжатта 2030 жылға дейін Еуропа тұрғындарының жан басына шаққанда азық-түлік қалдықтарының көлемін 30 пайызға дейін қысқарту көзделген. Супермаркеттер мен мейрамханалар жеміс-жидектердің қалдығын қоқысқа тастамай, жарамды бөлігін қайырымдылықпен айналысатын ұйымдарға жөнелтеді. Әсіресе қоғамдық тамақтандыру орындарына қойылатын талап күшейді. Өйткені азық-түлік – тек тамақ емес, оның артында жер, су, еңбек және планетаның тазалығы тұрған қымбат ресурс. Міне, бізге қажетті тәжірибе – осы.

БҰҰ МАМАНДАРЫНЫҢ АЙТУЫНША, ОСЫНДАЙ ТАМАҚ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ КҮН САЙЫН ӘЛЕМДЕГІ 1 МЛРД АДАМДЫ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ЖЕТЕР ЕДІ. ӨЙТКЕНІ 783 МЛН АДАМ ҚАЗІР СОЗЫЛМАЛЫ АШТЫҚТАН ЗАРДАП ШЕГІП ОТЫР

Бұл жердегі ең бастысы – мәселені әр адамның санасымен сезінуі. Біз күн сайын жеп таласыз. Азық-түлік қалдықтарын қоқысқа лақтыруға асықпаңыз. Соның ішінде жеміс-жидектерді, көкөністерді тұздап, банкаға жауып, қысқа сақтауға қолайлы екенін есте сақтаңыз. Бұл – жеміс қалдығынан құтылудың ең экологиялық таза, тиімді жолы. Мереке күндері азық-түліктің көп бөлігі қолданылмай қалады. Ондай кезде астың қалдығымен көршілермен, әлеуметтік ахуалы төмен адамдармен бөлісуге болады. Шетелдердегідей тамақ тасымалдайтын қосымшалар мен сервистердің көмегіне жүгініңіз. Әрқашан есте ұстайтын нәрсе: әр адам өз үйінде, өз елінде кез келген азық-түліктің ысырап болмай, обал-сауапқа үлес қоса алатынын ұмытпағаны абзал.

Ғаламтор желісі дамыған сайын бүгінгі адамзат виртуалды әлемнің игілігін көріп те, зардабын тартып та отыр. Әсіресе өскелең ұрпақтың виртуалды ойындарға тәуелділігінің күшеюі алаңдатады. Жақында Оқу-ағарту министрлігінің Балалар құқығын қорғау комитеті Roblox деп аталатын танымал виртуалды ойын қаупіне қатысты дабыл қақты.

ВИРТУАЛДЫ ОЙЫНДАР ҚАУПІ ҚАНДАЙ?

Райхан РАХМЕТОВА

Roblox – әлемдегі ең танымал виртуалды балалар ойындарының бірі. Оны қолданушылар жеке ойын әлемін құрып, бір-бірін соған шақырады, әңгімелеседі. Платформаға тіркелудің тым оңайлығы және өзара іс-қимыл еркіндігі оны оқушылар арасында сүйікті ойынға айналдырды. Алайда осындай ашықтығы платформаны қылмыстық бағытта да қолдануға тартымды ете түсті. Сарапшылардың айтуынша, арам пиғылды алаяқтар балалармен ойын чаттарында танысып, жасырын арналарға тартады және оларды қауіпті іс-әрекеттер жасауға ақырындап бейімдей бастайды. Баламен екінші тарапта ойнайтын ойыншы болып көрініп, сенімді қарым-қатынас орнату арқылы арам пиғылын жүзеге асырады.

Қазір тіпті бұл ойындардың қаупі туралы әлемдік ірі БАҚ-тар да жиі жаза бастады. Гарвард университетінің психологы Мареза Орзактың айтуынша, компьютер ойындарын ойнайтын адамдардың 40-80%-ы ойындарға тәуелді болып келеді. Компьютер ойындары мидың ләззат алуға жауапты аймағын үнемі қоздырып, балаларды онлайн-ойындарға, смартфонға тәуелді етеді. Мұндай тәуелділікті психологтар нашақорлықпен салыстыруға болатынын айтады. Солтүстік Каролинада бір ер адам 10 жастағы қызға Roblox ішкі ойын валютасын ұсынып, сол үшін одан өзінің жалаңаш суреттерін жіберуін сұраған. Еуропа мен АҚШ-та аталған платформада танысқаннан кейін балалар жабық чаттарға кіріп кетіп, бопсалау оқиғасына тап болғаны туралы жайттар зерттелуде. Ресейде бір ер адам 12 жасар баламен осы платформада танысып, сосын онымен кездесіп, зорлық көрсеткен, сот оған 15 жыл бас бостандығынан айыру жазасын кесті. Түркия, Қатар, Кувейтте бұл ойындарға шектеу қойылды, Индонезия билігі толық тыйым салуды көздеп отыр.

Ал Қазақстан Президенті бұл мәселеге биылғы тамыз конференциясында тоқталды. «Зиянды заттарды тұтыну немесе виртуалды ойындар арқылы шындықтан ажырап, қиялға ерік беру адамды айналасына жексұрын қылып, қоғамнан шеттетеді. Шын мәнінде, мұндай жандар өз болашағына балта шабады. Олар жақсы жұмыс тауып, берекелі отбасын құру мүмкіндігінен айырылады. Өзінің дарынын көрсетіп, биік мақсаттарға жете алмайды» деп Мемлекет басшысы бұл іске мектептегі директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мен мектеп психологтарынан бөлек, барша ұстаздар қауымы атсалысуға тиіс екенін жеткізді. «Балаларды әлеуметтік кеселдерден қорғау үшін олардың сыни ойлау қабілетін ұштау қажет. Жас ұрпақтың көп уақытын интернет пен әлеуметтік желілерде өткізетіні жасырын емес. Олар жалған идеялар мен мінез-құлықты бұзатын теріс тәрбиенің ықпалына оңай түсуі ықтимал. Сол себепті әр педагог балаларды өз эмоциясын ұстауға, кез келген нәрсеге немесе жағдайға байыппен қарап, дұрыс шешім қабылдауға үйретуі керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мұғалімдер бұл мәселе балалар мен жасөспірімдердің өзіне, үсті-басына қарамай қояды. Әлеуметтік машығы жоғалып, рухани тұрғыдан өспейді. Балада өзімшілдік артып, ашушаң, ызақор бола бастайды. Моральдық, рухани құндылықтары төмендейді. Бірінші орынға тек рахаттану, виртуалды өмірде жетістіктерге жету шығады, – дейді елордалық психолог, аддиктолог Дәурен Ассалау.

Психолог маман баланың виртуалды ойындарға тәуелділігінің түп себебін отбасындағы және әлеуметтік мәселелермен де байланыстырады.



ВИРТУАЛДЫ ОЙЫНДАРДЫҢ БАЛА МЕН ОНЫҢ БҮКІЛ ОТБАСЫНА ТӨНДІРЕР ҚАУПІ ДЕ, ЖЕКЕ ДАМУЫН ТЕЖЕЙТІН КЕРІ ӘСЕРІ ДЕ БАР. БАЛА ВИРТУАЛДЫ ӘЛЕМДЕГІ ОҢАЙ ӨМІРГЕ ТЕЗ ҮЙРЕНІП, СОҒАН ЖЫЛДАМ ТӘУЕЛДІ БОЛАДЫ

психологиялық, әлеуметтік және академиялық дамуына елеулі әсер ететінін айтады.

– Мектептерде оқушылардың виртуалды ойындарға тәуелділігін азайту және алдын алу мақсатында әртүрлі бағытта тәрбиелік, психологиялық және ақпараттық жұмыстар жүргізіледі. Бұл іс-шаралар оқушылардың саналы таңдау жасауына, бос уақытын тиімді өткізуіне және технологияны жауапкершілікпен пайдалануға бағытталған. Балалардың виртуалды ойындарға тәуелді бола бастағанын мінез-құлқындағы, эмоциялық және физикалық жағдайындағы өзгерістерге қарап байқаймыз. Алайда баланың үйдегі жағдайы, тәртібі де ата-ана тарапынан дұрыс бақылауда болуы керек, – дейді №59 мектептің тарих пәні мұғалімі, сынып жетекші Бағила Қарамырзаева.

Виртуалды ойындардың бала мен оның бүкіл отбасына төндірер қаупі де, жеке дамуын тежейтін кері әсері де бар. Бос уақытын тиімді өткізудің орнына ғаламтор қызығына түсіп кету баланың жеке тұлға ретінде дұрыс қалыптасуына кедергі келтіреді.

– Шынайы өмірдегі қиындықтар, міндеттерден қашқан бала виртуалды әлемдегі оңай өмірге тез үйреніп, соған жылдам тәуелді болады. Сәйкесінше, виртуалды ойындарға уақытын көбірек арнаған сайын оның шынайы өмірдегі дамуы тежеледі, есеймейді, ештеңеге жауапкершілік алмайды, көңіл күй тұрақтылығы болмайды, Балалар құқығын қорғау комитеті ата-аналарға ғаламтордағы виртуалды өмір қаупінен балаларды қорғау бойынша ұсынымдар берді. Әр ата-ана баласына ғаламтор пайдаланғанда жеке дерегін, яғни аты-жөні, мекенжайы, телефон нөмірі, отбасы туралы ақпарат беруге болмайтынын қатты ескертіп отыруы керек. Instagram, Telegram, TikTok және ВКонтакте желілеріндегі қауіпті топтар мен анонимді чаттарға кіруді шектеп, бала ойнайтын онлайн-ойындарды тексеру қажет. Баланың әрекетін бақылауда ұстау үшін ата-ана Family Link, Screen Time қосымшалары арқылы достарының тізімі мен қандай аккаунттарға жазылғанын тексеруі және күдікті анонимді профильдерді бақылауы қажет. Ұлқызының мінез-құлқындағы өзгерістерге назар аударған жөн: ұйқысының бұзылуы, түсініксіз жарақаттар, оқшаулану, агрессия, агрессивті немесе депрессиялық мазмұндағы жазбаларды қарауы, қорқынышты белгілері бар суреттер көруі – бәрі де қауіптің белгісі.

Ата-аналарға балалармен үнемі сөйлесіп, олардың өмірі мен көңіл күйіне ұдайы мән беруге кеңес беріледі. Бір қауіп төнген жағдайда құқық қорғау органдарына, мектеп психологына, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығына, балаларды психологиялық қолдау орталығына, бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілге немесе тәулік бойы тегін жұмыс істейтін «111» жедел желісіне хабарласқан жөн.

СӘКЕННІҢ ҰСТАЗДЫҚ ҚЫРЫ

Астанадағы С.Сейфуллин музейінде «Сырсандық» сериясының XI томы – «Сәкен Сейфуллиннің педагогикалық мұрасы» атты ғылыми-танымдық еңбектің таныстырылымы өтті.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Аталмыш еңбектің авторы – педагогика ғылымдарының магистрі, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты Гүлназия Ибраева. Жауапты шығарушы – тарих ғылымдарының докторы Марат Әбсеметов. Бұл серия С.Сейфуллин музейінің бұрынғы директоры, көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлының бастамасымен шыға бастады.

«Сәкен Сейфуллинді мемлекет және қоғам қайраткері, ақын ретінде барлығымыз білеміз. Бірақ оның ұстаздық қыры көп зерттелмей жүр. Соны ескеріп, осыдан 15 жыл бұрын осы музейге қызметке келгенімде педагогикалық еңбектерін жинақтап, зерттей бастадым. Бұл кітап – соның жемісі» деген автор еңбегін таныстырды.

Кітапта Сәкен Сейфуллиннің мектептегі, жоғары оқу орнындағы сабақ беру әдістері, шәкірттерінің естеліктері, мұрағаттардағы құжаттар жинақталған. Сәкеннің педагогикалық қызметі Ақмолада басталған. Ол сабақ берген Республика және Абай даңғылдарының қиылысындағы бұрынғы мұсылман мектебі қазір музей қызметін атқарып отыр. Осында қызмет істеп жүргенде Омбы мұғалімдер семинариясына арнайы жолдамамен оқуға кетеді. Осы семинария қабырғасына 1967 жылы Сәкеннің оқығанын айғақтайтын тақтайша ілінді. Оған Қазақстаннан Алаш рухты қаламгер Жайық Бектұров қана қатысты.

Сәкен Сейфуллин Қарағанды облысы Нұра ауданы Ахмет ауылында мектеп ашты. Бұл білім беру орнында Сәкеннен 40 шақты оқушы сабақ алды. Кейіннен мұнда да тиісті белгілер орнатылды. Сәкен Ақмолада, қазіргі Астанада «Слободка» деген ауданда да, Сарыарқа және Абай даңғылдарының қиылысында мектеп ашты. Совнарком төрағасы кезінде Орал қаласына да барып, мектептің ашылуына мұрындық болды. Бұл оқу орны қазір Сәкен Сейфуллиннің атында. Сәкен жоғары оқу орындарда да сабақ берді, факультет басқарды. Соның бірі – қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Кітапқа сонда оқыған шәкірттерінің естеліктері енді.

«Осы уақытқа дейін Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орны ретінде 1928 жылы ашылған Қазақ педагогикалық институтын атап келдік. Бірақ кейінгі деректер бойынша 1924 жылы Омбыдан «Хұсаиния» медресесі бөлініп, Халық ағарту институты құрылды. Оны бөлек шығарып, жаңа ереже, жаңа оқулықтар енгізіп, қаулысымен бекіткен Сәкен Сейфуллин екенін анықтадық. Сондықтан Қазақстандағы ең алғашқы жоғары оқу орнын Сәкен ашты деген тұжырымға келдік» деді Гүлназия Ибраева.

«Сырсандық» сериясы бірінші томының алғысөзін мемлекет және қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімов жазды. Осы іс-шараға қатысқан ол кітаптың құндылығын атап өтті.

«Бұл серияның маңызы – жыл сайын шығып жатқан кітаптар Сәкенді әр қырынан көрсетеді. Негізінен, Сәкен Сейфуллин кезінде үкімет басшысы болғандықтан, оның көп салаға қатысы болды. Міне, мына кітап педагогика саласына қалай көңіл бөлгенін көрсетіп жатыр. Ұлт ардақтысының қызметі мен мұрасы жөнінде библиографиялық еңбек жасау керек. Сәкен Сейфуллин музейінің басшысы Марат Әбсеметов кеше ғана Алматыда өткен конференцияда Жапонияда болған жер сілкінісі кезінде Сәкеннің сол елге жасаған көмегі жөнінде баяндама жасады. Осындай кітаптарды ұрпақ үшін шығару керек» деді Оралбай Әбдікәрімов.

Сәкен Сейфуллин музейінің тұңғыш директоры Роза Асылбекова осы музейдің ашылу тарихына тоқталды. Астанадағы бүгінгі Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназияның ашылуына да Сәкеннің үлесі тигенін атап өтті.

«Сәкеннің басты мақсаты қазақ халқын ілім-білімге тарту еді. Бұл ақынның шығармашылығынан да көрінеді. Мысалы, інісіне, жары Гүлбаһрамға арналған өлеңдерінде сол туралы айтылады. Сәкен онда қазақ көп оқу керектігі жөнінде айтады. Алаштың аяулы перзентінің арманы бүгін орындалып отыр» деді Роза Асылбекова.

Сәкен Сейфуллиннің нағашы қарындасы Асылгүл Әбіш қазір елімізде Сәкеннің атында 38 мектеп барын айта келе, елордада университет жұмыс істеп жатқанын тілге тиек етті. Педагогикалық қызметін зерттеу енді басталғанын, жалғаса беруіне тілектестік білдірді. Мемлекет және қоғам қайраткері Бейбіт Мамраев қазір Қазақстанның 7 томдық тарихы жазылып жатқанын жеткізе келе, оның маңызын атап өтті. Іс-шара барысында сұңқар ақынның «Тау ішінде» әні шырқалды.

ТІРІ ӨНЕРДІҢ ТАМЫРЫН ДӘЛ БАСҚАН

Отандық театр мен кино өнерінің дамуына үлес қосқан актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті «Театр өнері және өнертану» факультетінің деканы Ақыш Омар М.Әуезов театрында талай жыл еңбек етіп, өзінің актерлік қырымен танылды. 2003 жылы М.Горький атындағы Орыс драма театрының шақыруымен Астана қаласына көшті.

2003-2005 жылдар аралығында М.Горький атындағы Орыс драма театрында түрлі рөлді сомдап, мемлекеттік және қалалық іс-шараларға белсене қатысты. Онда сомдаған рөлдері: Ж.Б.Мольер «Тартюф» – Тартюф, Н.Гоголь «Ревизор» – Лука Лукич, Птушкина «Плачу вперед» – Расияв, Ф.М.Достоевский «Қылмыс пен жаза» – Лужин, Жан-Жак Брикер «Өз көзіңе сенбе» – Альберт Ламар және т. б. бейнелерін шеберлікпен сомдады.

2005 жылдан бастап Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының актері болып жұмыс істейді. Осындай ортада қызмет етіп жүрген актер Ақыш Омар – бүгінгі қазақ театрының кәсіби деңгейін айқындап отырған дара тұлғалардың бірі. Ол сомдаған әрбір кейіпкер тек сахналық бейне ғана емес, сонымен қатар өмір шындығынан сыр шертер терең философиялық тұжырым деуге болады.

Актердің Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры сахнасындағы рөлдері: А.Чехов «Ваня ағай» – Серебряков, Ғ.Ғаппарова, М.Ғаппаров «Қуыршақ немесе қызғаншақ қыздардың кеші» – Ақтан, Ш.Айтматов «Ақ кеме» – момын шал, Е.Жуасбек «Терең тамырлар» – бағбан, А.Дударев «Кеш» – Василий (Мультик), В.Ежов «Тыраулап ұшқан тырналар» – старшина Кузовков, М.Әуезов, Қ.Ысқақ «Қараш-Қараш» – Николай Добродеевич, Ж.Ануй «Жалын жұтқан Жанна д'Арк» – әке, Р.Отарбаев «Көлеңкесіз жолаушы» – әке, Антонио Буэро Вальехо «Күн сәулесі түспеген» – әке, Т.Джюдженоглу «Көшкін» – қауым басшысы, Ш.Айтматов «Аққудың көз жасы» – автор, Т.Әсемқұлов «Құнанбай» – генерал, Р.Мұқанова «Бопай ханым» – Неплюев, тағы да басқа бейнелерін сомдады. 2006 жылы Астана қаласында өткен республикалық фестивальде А.Чеховтың «Ваня ағай» спектакліндегі Серебряков рөлі үшін «Үздік ер адам рөлі» аталымында үздік болды. Ал «Ғасырдан да ұзақ күн» қойылымындағы Әбутәліп бейнесінде тарихи-әлеуметтік тартысты шебер жеткізіп, кейіпкердің ішкі психологиялық шиеленісін толық аша білді. Бұл рөл оның актерлік шеберлігінің жаңа қырын ашып, шығармашылық палитрасын тереңдете түсті.

А.Чеховтың әлемдік драматургиядағы орны бөлек туындысы – «Ваня ағай» психологиялық драмасының қоюшы-режиссері Ә.Мәмбетов (көмекші режиссер – Б.Құрманғожаев) өз шығармашылық қолтаңбасына сай психологиялық нақтылықпен, сахналық тазалықпен және адам жанын ашуға бағытталған көркемдік тәсілдермен ұсынды. Ол ішкі күйге, үнсіздікке, көзқарас пен кідірістің көркемдігіне басымдық береді. Актермен жұмыста режиссерлер психологиялық дәлдікке, сахналық серіктестік пен ішкі үндестікке ерекше назар аударады. Ақыш Омар орындаған Серебряков рөлінде режиссер кейіпкердің тек эгоистік қырын емес, оның рухани қажу мен әлеуметтік оқшауланудың да ашуды мақсат еткен. Актер мен режиссер арасындағы шығармашылық үйлесім көрерменге кейіпкерді жан-жақты тануға мүмкіндік беретінін аңғарамыз. «Ваня ағай» спектаклінің көркемдік құрылымында музыка ерекше орын алады. Серебряковтың жерді сату туралы шешімі – драмалық шиеленістің шыңына апаратын сәттердің бірі. Бұл жаңалық барлық кейіпкердің тыныштығын бұзып, олардың әрқайсысының ішкі жанайқайын қозғалысқа келтіреді. Ақыш Омар бұл көріністе өз кейіпкерінің прагматизмін, суық логикасын аса дәл жеткізеді. Бұл сахнада актердің шеберлігі диалогпен емес, тыныштықпен, реакциямен, дене пластикасымен ашылады. Ол креслоның арқалығына қарай шалқайып, қолын баяу қозғап, Ваняның ашуын міз бақпастан тыңдап отырғандай көрінеді. Бірақ осы көріністің астарында Серебряковтың ішкі қорғансыздығы, кәрілік пен мағынасыздық алдындағы шарасыздығы бар. Әсіресе Ваняның оған: «Сіз менің өмірімді ұрладыңыз!» деген сөзінен кейін Ақыш Омардың кейіпкері алғаш рет жеңілген адамдай күйге енеді. Ол бір сәтке көзін төмен салып, үнсіз қалады. Дәл осы кезде сахнадағы жарық күңгірттеніп, музыка баяу естіліп, актердің ішкі жан күйзелісі сыртқы әсерлермен ұштаса түседі. Бұл эпизод – Ақыш Омардың актерлік техникасының биіктігін көрсететін көркем шешім. Ол Серебряковтың бейнесін бір сәттік тарыспен емес, үнсіз, ауыр салмақты ішкі күй арқылы жеткізеді. А.Чеховтың «Ваня ағайындағы» Серебряков рөлінде Ақыш Омар адам бойындағы рухани шаршағандықты, менмендік пен әлсіздіктің бейнесін сахнада айқын бедерледі.



Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының сахнасында қойылған Анатолий Дударевтің «Кеш» драмасы – соғыстан кейінгі қоғамның рухани күйін бейнелейтін терең психологиялық туынды. Қойылымда адам жадындағы жара мен уақытты жеңе алмайтын сағыныш, тіршілік тынысымен жүріп жатса да, ұмытылмайтын естеліктер драмалық формада шынайы көрсетілген. Қойылымның режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Ұзақов. Спектакльде соғыс ардагерлерінің бір-бірімен соңғы рет кездесу сәті арқылы әр кейіпкердің өмірге, өткенге, жоғалтқанға деген көзқарасы ашылады. Бұл – тек кездесу емес, рухани есеп, жүрекке жүк болған үнсіз сағыныштың көрінісі. Осы ішкі драманы жеткізуде сценография, музыка, жарық, костюм мен актерлік ойын бір-бірімен шебер тоғысып, спектакльдің көркемдік тұтастығын қамтамасыз еткен. Бұл спектакльде көркемдік тұтастықтың жоғары деңгейде болуы – сахналық шешімдердің мәтінмен шектеліп қалмай, жаңа эстетикалық кеңістікке көтерілуінің айғағы.

Ақыш Омардың Мультик рөлі ерекше әсер қалдырады. Ол сахнада көп сөйлемейді, бірақ әр қимылы мен көзіне жинақталған ішкі үн көрерменге кейіпкердің күйін нақты сездіреді. Ақыш Омар бұл рөлде көңілдегі күйзелісті, сағынышты, іштей сынған жанның үнсіз трагедиясын жанды етіп жеткізген. Оның кейде бос орындыққа қадала қарауы, кей сәттердегі шалт қозғалысы – бұл жай техника емес, жүрекпен сезгеннен туған бейне. Әсіресе Мультиктің сахнада жалғыз отыратын көріністерінде оның ішкі жалғыздығы мен үмітсіздігі көрермен көзіне жас үйіреді. «Кеш» спектакліндегі Мультик бейнесі арқылы актер соғыстан кейінгі адам трагедиясын, үміт пен сағыныштың үнсіз арпалысын көрерменге терең сезіммен жеткізе алды. 2010 жылдың қыркүйек айында Тараз қаласында өткен республикалық XVIII Қазақстан театрларының фестивалінде Ақыш Омар басты рөлді сомдайтын «Кеш» қойылымы гран-при жүлдесін иеленді.

Өнерлі жанның театр сахнасындағы рөлдері режиссерлік шешімдермен, сценографиямен, музыкамен көркемдік тұтастықтың бір бөлігіне айналады. Ол өзінің актерлік шеберлігі арқылы сахнадағы серіктестерінің де ойынына серпін береді. Оның бейнелері бүгінгі көрермендерді терең ойға жетелеп, ойландыра алуымен ерекшеленеді. Ол сомдаған әрбір рөл – сахналық шешім мен өмірлік философияның тоғысқан тұсы. Театр әлемі – тірі өнер, ал Ақыш Омар – сол өнердің тамырын дәл басып, кейіпкер бейнесі арқылы қоғамға ой салған кәсіби шеберлердің бірі. Сондықтан оның қазақ театрындағы актерлік шеберлігі тек шығармашылық емес, ұлт руханиятына қосылған көркем ойдың өлшеусіз үлесі ретінде бағаланады.

Нартай ЕСКЕНДІРОВ,
К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті «Өнертану» кафедрасының доценті, PhD докторы, театртанушы

№122 (4866) 16/10/2025 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ
20 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Інжу-маржан»
6:45 «Көңіл толқыны»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
9:00 ТҰСАУКЕСЕР! «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ».
10:10 «Кек жолында». Телехикая.
12:10 «Қызық екен...».
13:10 «Бақыттың кілті». Телехикая.
14:10 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
15:00 «Сағындырған әндер-ай».
16:00 «АҚЖАУЫН». Телехикая.
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ».
18:00 «КЕК ЖОЛЫНДА». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ЖҮРЕКТЕГІ МҰЗ». Телехикая.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ».
23:10 «1001 ТҮН».
0:10 «Ақжауын». Телехикая.
1:10 «Қазір айтайық». Әлеуметтік ток-шоу.
2:25 «Ашық алаң».
3:10 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
4:00 Әнұран
4:05 «Теледәрігер».
4:35 «Сағындырған әндер-ай».
4:55 «Қызық екен...».




05:00 Телесериал «Секретарша»
07:00 «Оян!»
08:35 Глобальные события
10:30 Мультсериал. «Супер Мяу»
11:00 Реалити-шоу «Шеберлер шайқасы»
12:00 Телехикая «Ар алдында»
13:45 Телехикая «Келінжан 6»
14:30 Хақың бар
14:50 Жаңалықтар
15:00 Жұмыр жер
15:30 Айтыс айнасы
16:00 Телесериал «Секретарша»
18:30 Пульс планеты
19:00 Жер-жаһан
19:30 Жаңалықтар
20:00 Телехикая «Ар алдында»
21:45 Телехикая «Келінжан 6»
22:40 «КешREC»
23:40 Телехикая «Qimyldama»
00:40 Телесериал. «Перекресток»

ASTANA TV

06.00 «Если бы» к/ф. Индия
07.50 «Сен келерсің» телехикаясы
09.00 «Осман 6» телехикаясы
10.35 «Сүйген жүрек» телехикаясы
13.30 «Бажа 2» телехикаясы
16.20 «Счастливый билет» телесериал
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Сүйген жүрек» телехикаясы
21.00 «Осман 6» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
00.00 «Сен келерсің» телехикаясы
01.10 «Бажа 2» телехикаясы



6:00 «П@UTINA» бағдарламасы
7:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «КУДА УХОДЯТ ДОЖДИ».
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «НЕВСКИЙ. ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА»
1:20 «ДВА ЦВЕТА СТРАСТИ»
2:40 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:50 «П@UTINA» бағдарламасы
3:35 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы



7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»
8:00 «ӨМІР – СЫНАҚ»
9:30 «РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА»
14:00 «ПОЦЕЛУЙ», мелодрама
16:20 «КОЛЬЦО С РУБИНОМ», мелодрама
18:30 «ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА»
20:35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:40 «КОРОЛЕВА ИГРЫ»
0:00 «ОТСТАВНИК», криминальная драма.
2:20 «БЕССМЕРТНИК», мелодрама
3:50 «КОЛЬЦО С РУБИНОМ»
4:40 «ӨМІР – СЫНАҚ»
6:00 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ», ойын-сауық бағдарламасы (қайталау)
6:10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)



06:00 «Әзіл студио»
06:30 «TikTok show»
